



Қазақстан Республикасы Орман кодексінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 22 шілде N 811

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
Қазақстан Республикасы Орман кодексінің жобасы Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРМАН КОДЕКСІ

Осы Кодекс ормандарды қорғаудың, сақтаудың, ұлғайта өсірудің, экологиялық және ресурстық әлеуетін көтерудің, оларды ұтымды пайдаланудың құқықтық негіздерін белгілейді.

Орман құқықтық қатынастарын реттеу ағаш және бұталы өсімдіктердің және оларды сырттай қоршаған биологиялық емес ортаның негізгі элементтерімен өзара байланыста болатын жанды табиғаттың басқа да компоненттерінің негізінде белгілі бір аумақта қалыптасқан және ормандарды тұрақты дамыту, орманды экологиялық жүйенің биологиялық әркелкілігі принциптеріне орай маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік маңызы бар табиғи кешен (биоценоз) деген түсінік ескеріле отырып жүзеге асырылады.

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Негізгі ережелер

1-бап. Орман заңдары

1. Қазақстан Республикасының орман заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына К951000_ негізделеді және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Өсімдік (ормандардан басқа) және жануарлар дүниесін, су объектілерін, жер қойнауын, жерді, атмосфералық ауаны, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану мен қорғау саласындағы құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының арнайы заңдарымен реттеледі.

Орман қорына кірмейтін ағаш және бұта өсімдіктерін қорғау, сақтау, ұлғайта өсіру мен пайдалану саласындағы құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық және жер заңдарымен, сондай-ақ осы Кодекстің тиісті баптарымен реттеледі.

3. Орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру саласындағы Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар тікелей қолданылады, бұған халықаралық шартта оны қолдану үшін заң қабылдау талап етілетін жағдайлар қосылмайды.

2-бап. Осы Кодексте қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Кодексте қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) агроорманмелиоративтік екпелер - табиғи факторлардың ауыл шаруашылығына қолайсыз әсерін азайтуға мүмкіндік беретін қорғаныштық орман екпелері;

2) биологиялық әркелкілік - өсімдіктер мен жануарлар организмдерінің белгілі бір аумақтағы жиынтығы;

3) биоценоз - белгілі бір, шартты түрде біртекті және бір-бірімен астасып жатқан жер учаскесін немесе су айдынын мекендейтін өсімдіктердің, жануарлар мен микроорганизмдердің жиынтығы;

4) орманды жаңарту - сүректің, сондай-ақ кесілген, өртенді және бұрын орман болған басқа да алқаптардағы орманның табиғи немесе жасанды процесс нәтижесінде жаңа белдеуінің құрылуы;

5) ормандарды ұлғайта өсіру - орман дақылдарын жасау немесе бұрын орман болған алқаптардың табиғи түрде жаңаруына көмек көрсету шараларын жүргізу, сондай-ақ ормандардың табиғи түрде жаңаруы;

6) орман зиянкестері - ағаш және бұта тұқымдастардың әртүрлі бөлшектерімен, органдарымен және тіндерімен қоректенетін, көбінесе жәндіктер сыныбына жататын, орман өсімдіктерін зақымдайтын организмдер;

7) қосымша орман ресурстары (материалдары) - ағаштар мен бұталардың қабықтары, бұтақтары, томарлары, тамырлары, жапырақтары, ағаштар мен бұталардың бүршіктері;

8) кеспе ағаш - екпе ағаш кесіп алынған, ал орманның жаңа өскіндері әлі көтеріле қоймаған орман алаңы ;

9) өртең - екпе ағашын өрт жойып жіберген, ал жаңа өскіндері әлі көтеріле қоймаған орман алаңы ;

10) тектік қор - тектер тобының (популяцияларының, популяциялар немесе түрлер тобының) белгілі бір кездесу жиілігімен сипатталатын шектегі жиынтығы;

11) қала орманы және орманды саябақтар - қалалық елді мекен шегінде орналасқан және орман қорының құрамына кіретін, сауықтыру және рекреациялық мақсаттағы орман ;

12) мемлекеттік орман орналастыру ұйымы - қызметі орман ресурстарын есепке алуды, орман қорының аумақтық орналасуын, ормандар мониторингін, орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталатын уәкілетті мемлекеттік органның қарауында болатын мемлекеттік ұйым;

13) орман шаруашылығы саласындағы мемлекеттік мекеме - орман қорын қорғау мен сақтау, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру, орман пайдалануды реттеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін белгіленген заңды тәртіппен құрылған мемлекеттік мекеме ;

14) сүректің - екпе ағаштардың негізгі құраластары болып табылатын ағаштар жиынтығы ;

15) шайыр - қылқан жапырақты ағаштар зақымданған кезде бөлінетін қоймалжың зат ;

16) ормандарды қорғау - орманды зиянкестерден, аурулардан және антропогендік және табиғи сипаттағы қолайсыз факторлар әсерінен қорғау жөніндегі іс-шаралар жиынтығы ;

17) орман қорын түгендеу - орман қорының жекелеген учаскелерін сипаттау, картаға түсіру және олардың сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау жөніндегі жұмыстар кешені ;

18) орман қорының қорғаныштық санаты - орман қорының ерекше қорғалған, сумен қамтамасыз етілген, санитариялық-гигиеналық, рекреациялық, ғылыми немесе өзге де арнайы мақсаттарда белгіленген тәртіппен бөлінген бір бөлігі. Белгілі бір қорғаныштық санатқа жатқызылған орман қоры аумағында орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдаланудың тиісті режимі белгіленеді;

19) орман - ағаш және бұта өсімдіктері мен олардың сыртқы биологиялық емес қоршаған ортадағы негізгі элементтерімен өзара байланыстағы жанды табиғаттың басқа да компоненттері негізінде белгілі бір аумақта қалыптасқан және маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәні бар табиғи кешен (биоценоз);

20) орманды өңір - белгілі бір аумақтың ормандану деңгейі, ол орман өскен жердің оның жалпы көлеміне қатынасы арқылы анықталып, процентпен белгіленеді;

21) орманшылық - орман шаруашылығы саласындағы мемлекеттік мекеменің оның

шекарасында орналасатын, орман шаруашылығы іс-шараларын жоспарлау мен орындауға, орман пайдалану көлемін жоспарлауға арналған құрылымдық бөлімшесі;

22) орман шаруашылығы - орман қорын зерттеу мен оның есебін жүргізуді, оны қорғау мен сақтау, ормандарды ұлғайта өсіру және орман өсіру, орман пайдалануды реттеу, орман заңдарының сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды қамтитын қызмет түрі;

23) орман шеберінің учаскесі - орманшылық аумағының бір орман шеберіне бекітілген, бір және одан астам орман орамы құрамындағы және орман шаруашылығы шараларын орындауға арналған бір бөлігі;

24) орман орамы - орманшылық аумағының осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте айқындалатын, күзету үшін бір орманшыға бекітіліп берілетін бір бөлігі;

25) орман питомнигі - ағаш және бұта тұқымдас материалдарды отырғызып өсіруге арналған орман қоры аумағының учаскесі;

26) орманның генетикалық резерваты - өсімдік түрінің, қосалқы түрлерінің популяциясына қатысты генетикалық-селекциялық тұрғыда құнды бөлігі бар орман учаскесі;

27) орман дақылдары - орманның ағаш және бұта тұқымдастарының қолдан өсірілген екпе ағаштары;

28) жинақталмаған орман дақылдары - жасанды жолмен өсірілген (себілген немесе отырғызылған), бірақ орманды алқаптарға көшірілмеген дақылдар;

29) орман иеленушілер - орман қоры тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген мемлекеттік ұйымдар;

30) орман пайдалану (орманды пайдалану) - орман ресурстары мен ормандардың пайдалы қасиеттерін пайдалану жөніндегі заң және экономикалық жағынан регламенттелген қызмет;

31) орман пайдаланушы - заңдарда белгіленген тәртіппен уақытша орман пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

32) кеспе ағаш - ағаштың барлық немесе кесілу қарсаңындағы түрлерін кесуге бөлінген орман учаскесі;

33) орман өсіру - бұрын ағаш болмаған аумақтарда орман екпелерін қолдан жасау және өсіру;

34) орман шаруашылығының іс-шаралары - орман қорын қорғау, сақтау, ормандарды ұлғайта өсіру және орман өсіру, орман орналастыру материалдары негізінде жүргізілетін орман пайдалануды реттеу жөніндегі кешенді ұйымдық және техникалық іс-шаралар;

35) кесілмеген ағаш - кесуге арналған, бірақ рұқсат беру құжаттарында (ағаш кесу билеті, ордер) көзделген мерзімде кесілмеген орман ағаштары немесе учаскелері;

36) орман өсіру - орманды қолдан өсіріп шығару немесе ағаш өсірілмеген

алқаптарда орманның табиғи түрде өсіп шығуы;

37) ерекше бағалы орман массивтері - ағаш және бұта өсімдіктерінің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төніп тұрған, бірегей, бағалы және әдеттегі түрлері орналасқан орман қорының бір бөлігі;

38) кесілетін ағаш телімі - нақты кесілетін ағаштардың шекарасын және кесімді бағасын белгілеу кесілетін ағаштарға белгі соғу ағаш кесуде ескерілген материалдық және ақшалай бағалау жөніндегі іс-шаралар;

39) ормандарды қорғау - орман өртінің алдын алу және орман өртіне, ағаштың заңсыз кесілуіне және орман заңдарын басқа да бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі іс - ш а р а л а р ж и ы н т ы ғ ы ;

40) арнайы мақсаттағы плантациялық екпе ағаштар өнеркәсіптік, энергетикалық, тағамдық және өзге мақсаттар үшін қолдан өсірілетін екпе ағаштар;

41) өскін - орман етегінде өскен немесе кесуге қалдырылған, қабаттасып шығуға немесе аналық сүректіңдерді алмастыруға қабілетті сүректіңнің жас өскіндері;

42) шырын алу - ағаштардың діңдерінен шайыр, шырын алу үшін оларды көктеп келе жатқан кезде ағаш діңдерін қолдан зақымдау;

43) ормандағы өрт қаупі мол маусым - күнтізбелік жылдың климат және ауа райы факторларына орай уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын орман өртінің пайда болу қаупі мүмкін кезең ішіндегі бір бөлігі;

44) орман қорын пайдалану - орман пайдалануға, сондай-ақ орман қоры аумағындағы жерді, суды және кең таралған пайдалы кен қазбаларын шаруашылық және өзге мақсаттарда пайдалану үшін жеке және заңды тұлғаларға заңдармен б е л г і л е н г е н қ ұ қ ы қ ;

45) алаңқай жерлер - ағаштар жоқ, бірақ орман өсімдіктері сақталған орман алаңы;

46) орман соқпағы - ормандағы орман шаршыларының шекараларын белгілеу немесе өзге мақсаттар үшін ағаш және бұта өсімдіктерінен тазартылып жасалған б е л д е у ;

47) тексеру кезеңі - орман шаруашылығы саласындағы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтағы заңды тұлға мәртебесі бар әрбір мемлекеттік мекеме бойынша орман орналастыру жобалары әзірленетін мерзім;

48) ағаш сирек өсетін жерлер - толымдылығы 0,1 - 0,2 мөлшеріндегі бірінші және екінші сыныпты жас ағашты қоспағандағы табиғи түрде қалыптасқан сүректің;

49) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу - ағаш дайындау үшін толысқан және қ у р а ғ а н с ү р е к д і ң д і к е с у ;

50) орманды күтіп-баптау мақсатындағы кесу - жоғары өнімді және төзімі екпе ағаштарды қалыптастыру мақсатында екпе ағаштар арасынан өскен күйінде қалдырылған немесе басты тұқымдардың жақсы ағаштарының өсуіне кедергі келтіретін ағаш екпелерін алып тастау жолымен жүзеге асырылатын орманды мерзімдік к ү т і п - б а п т а у ;

51) кезенді пайдалану үшін ағаш кесу - орманды күтіп-баптау мақсатында кесу, ішінара санитариялық мақсатта кесу құндылығы төмен орман екпе ағаштарын реконструкциялаумен байланысты, сондай-ақ қорғаныштық, су ұстағыш және басқа да қасиеттерінен айрылған екпе ағаштарды кесу, жас ағаштарды жекелеп кесу;

52) санитариялық мақсаттағы кесу - орманның санитариялық жай-күйін жақсарту мақсатымен жүргізілетін кесу (ішінара, жаппай), оның барысында жекелеген ауру, зақымданған, қурай бастаған және қураған ағаштар кесіледі;

53) ағаш және бұта тұқымдарының селекциясы (орман селекциясы) - табиғи популяция арқылы іріктеу немесе шаруашылық жағынан және өзге де мақсаттарда құнды орман тұқымдарының түрлері мен сорттарын қолдан жасау жөніндегі кешенді іс - шаралар ;

54) орманды (кесілетін ағашты) кесімді бағалау - орман ресурстарының, соның ішінде кесу көзделетін екпе ағаштардың сапалық және сандық сипаттамасын анықтау, есепке алу, бағалау жөніндегі іс- шаралар;

55) уәкілетті мемлекеттік орган - орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру саласында басқару мен бақылау функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-тарау. Орман құқықтық қатынастарының объектілері мен субъектілері

3-бап. Орман құқықтық қатынастарының объектілері

1. Қазақстан Республикасының орман қоры, орман қорының жері, орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттері орман құқықтық қатынастарының объектілері болып табылады.

2. Орман құқықтық қатынастары осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен ақылы жағдайда ормандардың көп салалы маңызы ескеріле отырып пайдаланылады.

4 - б а п . О р м а н қ о р ы

1. Барлық жер санатындағы жерлерде орналасқан барлық орман, сондай-ақ орман өсімдіктері өсірілмеген, бірақ орман шаруашылығының мұқтаждары үшін берілген орман қоры жері Қазақстан Республикасының орман қорын (бұдан әрі - орман қоры) құрайды .

2 . О р м а н қ о р ы н а :

1) орман қорынан тыс жерлерде орналасқан, ауданы 0,05 гектардан кем болмайтын жекелеген ағаш және ағаш топтары, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердегі

агроорманмелиоративтік екпе ағаштар мен бұталы өсімдіктер;

2) теміржол және автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральды құбырлар мен басқа да желілік ғимараттардың бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныштық екпе ағаштары;

3) елді мекендер шекарасы шектеріндегі, қала ормандары мен орманды саябақтардан басқа, жасыл екпе ағаштар;

4) усадьбалар, саяжай және бау-бақша учаскелері, жеке меншіктегі өзге де жер учаскелері маңындағы ағаштар мен бұталар;

5) орман қорынан тыс жерлерде орналасқан арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер кірмейді.

3. Орман қорының құрамында болатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері орман қорын есептеу кезінде дербес есепке алынады.

5-бап. Орман қорының жерлері

1. Ағаш өскен, сондай-ақ ағаш өспеген, бірақ орман шаруашылығының мұқтажына берілген жер учаскелері орман қоры жеріне жатады.

2. Орман қоры жерлерін беру, алып қою және пайдалану тәртібі осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының жер заңдарымен анықталады.

6-бап. Орман ресурстары

Орман ресурстары орман қорында болатын, жинақталған және өндірілген ағаш пен өзге де өсімдік шикізатының, ағаш, өсімдік және жануар тектестерден алынған өнімдер қорынан тұрады.

7-бап. Ормандардың пайдалы қасиеттері

Ормандардың пайдалы қасиеттеріне олардың өсіп тұрған жай-күйіне тән жағымды экологиялық және әлеуметтік маңызды функцияларының (оттегі бөліп шығаратын, көмір қышқыл газын бойына сіңіретін, топырақты су және жел эрозиясынан қорғайтын, судың жоғары ағысын топырақ қабатында сақтайтын, бальнеологиялық және климат реттеушілік қасиеттер) жекелеген топтары мен түрлері жатады.

8-бап. Орман құқықтық қатынастары объектілерінің айналымдық қабілеті

1. Сатып алу-сатуға, кепілге беруге және орман қоры жерін иеліктен айыруға әкеп соғатын және әкеп соғуы мүмкін басқа да мәмілелер жасауға жол берілмейді.

2. Орман ресурстарын, оның пайдалы қасиеттерін пайдалануға құқығы болатын мәмілелер осы Кодекспен және өзге де орман заңдарымен, ал олармен реттелмеген бөлігінде азаматтық және жер заңдарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

3. Орман қорына кірмейтін ағаш және бұта өсімдіктерінің айналым

кабілетін шектеу азаматтық және жер заңдарымен белгіленеді.

9-бап. Орман құқықтық қатынастарының субъектілері

Ормандарды қорғауды, сақтауды, ұлғайта өсіруді, орман өсіру мен (немесе) орман пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар орман құқықтық қатынастарының субъектілері болып табылады.

2 БӨЛІМ. ОРМАН ҚОРЫН ҚОРҒАУ, САҚТАУ, ПАЙДАЛАНУ,
ОРМАНДАРДЫ ҰЛҒАЙТА ӨСІРУ МЕН ОРМАН
ӨСІРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ
МЕН БАҚЫЛАУ

3-тарау. Орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды
ұлғайта өсіру мен орман өсіру саласындағы
мемлекеттік басқару

10-бап. Орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды
ұлғайта өсіру мен орман өсіру саласындағы
мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері

Орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен
орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқару:

1) ормандардың климатты реттейтін, орта құрушы, алқап-топырақ қорғау, су сақтау және санитариялық-гигиеналық міндеттерді орындайтын жалпымемлекеттік маңызын т а н у ;

2) ормандардың тұрақты дамуы (экономиканың теңдестіріле дамуы мен қоршаған ортаның ж а й - к ү й і н ің ж а қ с а р у ы);

3) орман ресурстарының ұтымды, үздіксіз, сарқылмайтындай пайдаланылуы;

4) орман пайдалануды реттеу функциясын басты мақсатта ағаш кесу және осы ағаштардан алынғандардың өңделуін жүзеге асыру функциясынан ажырату принципіне н е г і з д е л е д і .

11-бап. Орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды
ұлғайта өсіру мен орман өсіру саласындағы
мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік
о р м а н д а р ж ү й е с і

Қазақстан Республикасында орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқаруды осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен айқындалған құзырет шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері, жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

12-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Орман құқықтық қатынастарын реттеу саласында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жүргізуіне:

- 1) орман қорын иелену мен пайдалану құқығын жүзеге асыру;
- 2) мемлекеттік орман саясатының негізгі бағыттарын әзірлеу мен оның іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 3) орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсірудің бағдарламаларын бекіту;
- 4) орман қорын қорғаныштық санаты бойынша бөлу және оны бір санаттан екінші санатқа көшіру;
- 5) басты мақсатта ағашты тамырымен босату мен ағаш кесу тәртібін бекіту;
- 6) өзен, көл, су қоймалары және басқа да су объектілері жағалауларындағы ағаштардың тыйым салынатын белдеулерінің енін белгілеу тәртібін айқындау;
- 7) орман қорының мемлекеттік есебін жүргізу мемлекеттік орман кадастры, орман мониторингі, орман орналастыру тәртібін, сондай-ақ орман қоры туралы ақпарат берудің тәртібі мен шарттарын айқындау;
- 8) түбірімен босатылатын ағаш үшін төленетін базалық ақы ставкасын бекіту, орманды пайдаланғаны үшін бюджетке төлем есептеу мен оны енгізу мерзімдерін анықтау;
- 9) орман заңдарын бұзу арқылы келтірілген зиянның мөлшерін есептеу үшін базалық ставканы бекіту;
- 10) орман қорын қорғау мен сақтау, ормандарды ұлғайта өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту;
- 11) орман ресурстарын орман пайдалануға беру жөнінде тендер ұйымдастыру мен өткізудің тәртібін анықтау;
- 12) мемлекеттік қажеттіліктер үшін орман қоры жерін ерекше жағдайларда жер туралы заң актілеріне сәйкес алып қою;
- 13) мемлекеттік қажеттіліктер үшін орман қорының жерлерін жер туралы

заңдарға сәйкес ерекше жағдайларда орман шаруашылығын жүргізумен

байланысты болмайтын мақсатта басқа санаттағы жерге көшіру;

14) орман қорының жай-күйі мен қорғануына, сақталуына, пайдаланылуына, ормандардың ұлғайта өсірілуіне және орманның өсірілуіне мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібін анықтау;

15) орман қорын пайдалану құқығын тоқтата тұру, шектеу, тоқтату, сондай-ақ ормандардың жай-күйі мен ұлғайта өсірілуіне қауіп төндіретін жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тоқтата тұру, шектеу және тоқтату;

16) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

13-бап. Орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның, оның аумақтық бөлімшелері мен мемлекеттік мекемелерінің құзыреті

1. Уәкілетті мемлекеттік органның жүргізуіне:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген құзыреті шегінде орман қорын иелену мен пайдалану;

2) мемлекеттік орман саясатын іске асыру;

3) орман қорын қорғауды, сақтауды, ормандарды ұлғайта өсіруді және орман өсіруді қамтамасыз ету орманның пайдаланылуын реттеу;

4) орман қорын қорғау сақтау және пайдалану ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

5) орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру мәселелері бойынша бағдарламалар әзірлеу мен оны орындауды ұйымдастыру;

6) орман қорының жай-күйіне, қорғалуына, сақталуына, пайдаланылуына, ормандардың ұлғайта өсірілуіне және орманның өсірілуіне мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

7) кеспеағаштар есебі мен кесілетін ағаштардың жасын, ағашты жанама мақсатта пайдалану, шайыр мен ағаш шырындарын, қосымша орман ресурстарын дайындау ережелерін бекіту;

8) ормансыз алқаптарды орманды алқаптарға айналдыру тәртібін анықтау;

9) орман қорын қорғау, сақтау және пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру, орман селекциясы мен орман тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеу және жобалау-іздістеу жұмыстарын ұйымдастыру;

10) ормандардың, мемлекеттік орман кадастрының, ормандар мониторингі мен орман орналастырудың мемлекеттік есебін жүргізу;

11) белгіленген тәртіппен орман шаруашылығы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

12) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне K010155_ сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау;

13) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес орман пайдалану құқығын тоқтата тұру, шектеу, тоқтату;

14) орман ресурстарын уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендер ұйымдастыру мен өткізу;

15) орман қорын қорғау, сақтау және пайдалану ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру саласындағы ғылыми-техникалық даму бағыттарын айқындау;

16) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

2. Уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің облыс аумағында жүргізуіне:

1) мемлекеттік орман саясатын іске асыру;

2) ормандарды қорғауды, сақтауды, ұлғайта өсіру мен орман өсіруді, орман тұқым шаруашылығын, орманның пайдаланылуын реттеуді қамтамасыз ету;

3) орман қорының жай-күйіне, қорғалуына, сақталуы мен пайдаланылуына, ұлғайта өсірілуі мен орманның өсірілуіне мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыру;

4) орман қорын қорғау, сақтау мен пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру бағдарламаларын әзірлеу мен орындау;

5) орман қорының, мемлекеттік орман кадастрының, ормандар мониторингінің мемлекеттік есебін жүргізу, орман орналастыру мен орман шаруашылығын жобалау жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз ету;

6) аяқталған объектілер мен орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізу нәтижесінде өндірілген дайын өнімдерді қабылдау;

7) орман алаптарын орман шаруашылығын жүргізу және орман пайдаланумен байланысты мақсаттарда пайдалану үшін ормансыз алаптарға көшіру;

8) орман ресурстарын уақытша қысқа мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендер ұйымдастыру мен өткізу;

9) ағаш дайындауға; шайыр мен ағаш шырындарын дайындауға; қосымша орман ресурстарын (қабық, бұтақ, түбір, тамыр, жапырақ, бүршік) әзірлеуге арналған; аңшылық шаруашылықтарының мұқтаждары үшін; орман қорының учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалануға ағаш кесу билеттері мен орман билеттерін беру;

10) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне K010155_ сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау;

11) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес орман пайдалану құқығын тоқтата тұру, шектеу, тоқтату;

12) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де мәселелерді шешу жатады.

3. Уәкілетті мемлекеттік органның және оның аумақтық бөлімшелерінің заңдарда белгіленген тәртіппен өз құзыреттері шегінде қабылдаған шешімдері барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болады.

4. Орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) жүргізуіне:

- 1) мемлекеттік орман саясатын іске асыру;
- 2) ормандарды қорғау, сақтау, ұлғайта өсіру, орман тұқым учаскелері мен плантацияларын құру, орман тұқымдарын жинау мен сақтау, орманның пайдаланылуын реттеу жөніндегі іс-шараларды орындау;
- 3) орман орналастыру материалдарына сәйкес орман пайдаланылатын орын мен оның көлемін анықтау;
- 4) орман ресурстарын тендерге қою үшін материалдар дайындау;
- 5) орман ресурстарының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- 6) ағаш дайындауға арналған ордерлер мен жанама орман пайдалануға (шөп шабу, мал жаю, ара ұялары мен омарталар орналастыру, дәрілік шөптер мен техникалық шикізаттар, жабайы жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да тағамдық өнімдер, мүк, орман төсеніші мен түскен жапырақтар, қамыс әзірлеу мен жинау); орман қорының жерлерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалануға арналған орман билеттерін беру;
- 7) орман заңдары, жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдар саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу мен олардың жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау;
- 8) орман қорын қорғау, сақтау мен пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру бағдарламаларын әзірлеу мен орындауға қатысу;
- 9) орман қорының, ормандар мониторингінің мемлекеттік есебін жүргізу, мемлекеттік орман кадастрын жүргізу жөніндегі жұмыстарға қатысу;
- 10) аяқталған объектілер және орман заңдары мен азаматтық заңдарға сәйкес орман пайдаланушылар жүргізген орман шаруашылығы іс-шаралары нәтижесінде өндірілген дайын өнімдерді қабылдау;
- 11) отырғызылатын материалдарды өсіру мен орман тұқымдарын жинау, көгалдандырушы, қорғаныштық, плантациялық және өзге де екпелер жасау, орман шаруашылығы саласында консультациялық және техникалық көмек көрсету, сондай-ақ орманды күтіп-баптау үшін кесуді және санитариялық мақсатта кесуді жүзуге асырған кезде алынған өнімдерді өткізу жөнінде жеке және заңды тұлғаларға ақылы қызмет көрсету;
- 12) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де мәселелерді шешу жатады.

Жергілікті өкілді органдардың жүргізуіне:

1) қоршаған ортаны қорғау мен орман пайдалану жөніндегі (орман қорын қорғау, сақтау және пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру, жануарлар дүниесін қорғау мәселелерін қоса) бағдарламаларды бекіту;

2) ормандарды қорғауға, сақтауға, ұлғайта өсіруге бағытталған шығыстарды бекіту және жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау, сауықтыру жөніндегі шығыстар ш е г і н д е о р м а н ө с і р у ;

3) уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері жасаған

есептер негізінде орман пайдаланғаны үшін (тамырымен босатылатын ағаштар үшін ақы төлеудің базалық ставкасын қоспағанда) төленетін ақының ставкасын бекіту;

4) атқарушы органдар мен ұйымдар басшыларының орман қорының жай-күйі, қорғалуы, сақталуы, ормандардың ұлғайта өсірілуі мен орманның өсірілуі және орман пайдалану мәселелері жөніндегі есептерін қарау;

5) осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актерлерімен олардың құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер жатады.

15-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Жергілікті атқарушы органдардың жүргізуіне:

1) қоршаған ортаны қорғау мен орман пайдалану жөніндегі (орман қорын қорғау, сақтау және пайдалану ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру мәселелерін қоса) бағдарламалар әзірлеу мен оларды іске асыруға қатысу;

2) ормандарды өрттен қорғау және ормандарды зиянкестер мен аурулардан сақтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын ұйымдастыру;

3) осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен олардың құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер жатады.

16-бап. Орман қорының жай-күйін, қорғалуын, сақталуын, пайдаланылуын, ормандардың ұлғайта өсірілуі мен орманның өсірілуін мемлекеттік бақылау

1. Орман қорының жай-күйіне, қорғалуына, сақталуына, пайдаланылуына, ормандардың ұлғайта өсірілуі мен орманның өсірілуіне мемлекеттік бақылауды өздерінің құзыреті шегінде уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелері, өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

2. Орман қорының жай-күйіне, қорғалуына, сақталуына, пайдаланылуына

учаскесіне меншік құқығы нормативтік құқықтық актілердің, орман иеленушінің меншік иесімен немесе жер пайдаланушымен жасаған шартының, жергілікті атқарушы орган актісінің, сот шешімдерінің негізінде және заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда орман иеленушілердің пайдасына шектелуі мүмкін

21-бап. Орман қорын пайдалану құқығы

1. Орман қорының учаскелері пайдалануға осы Кодекспен белгіленген шарттар бойынша және сол тәртіпте:

- 1) орман иелену;
- 2) уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану;
- 3) уақытша қысқа мерзімді орман пайдалану құқығымен беріледі.

2. Егер осы Кодекспен өзгеше белгіленбесе, орман қорын пайдалану құқығына Қазақстан Республикасының азаматтық және жер заңдарының ережелері қолданылуы мүмкін.

22-бап. Орман қорын пайдалану құқығы туындауының негіздері

Орман қорын пайдалану құқығы мынадай негіздерде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, уәкілетті мемлекеттік органның және жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық атқарушы органның актілерімен;

уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шарттарымен;
арнайы рұқсат беру құжаттарымен - ағаш кесу билеттерімен, ағашты тамырымен шағын босатуға арналған ордерлермен (бұдан әрі - ордер), орман билеттерімен туындайды.

5-тарау. Орманды иелену құқығы

23-бап. Орман қорын орман иелену құқығымен беру

1. Орман иелену орман қоры учаскесінде тұрақты жер пайдалану құқығымен туындайды.

2. Орман иелену құқығымен орман қорының учаскелері:

1) орман қорын қорғау, сақтау, ормандарды ұлғайта өсіру және орман өсіру, орман қорының кешенді пайдаланылуын ұйымдастыру үшін орман мекемелеріне және уәкілетті мемлекеттік органның өзге де мемлекеттік ұйымдарына;

2) ерекше қорғалатын табиғи аймақтар қызметімен байланысты мақсаттар үшін биосфералық және қорық-сепортерлерді қоса, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтарға, мемлекеттік табиғи резерваттарға, мемлекеттік табиғи саябақтарға (бұдан әрі - заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын

табиғи аумақтар) беріледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген, орман қоры тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген заңды тұлғалар орман иеленушілер болып табылады.

4. Орман иелену құқығы жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық атқарушы орган берген тұрақты жер пайдалану құқығы актісімен куәландырылады.

24-бап. Орман иеленушілердің құқығы

Орман иеленушілердің:

1) осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес өз иелігіндегі орман қорын пайдалануға;

2) уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің келісімімен жобалау және техникалық құжаттамаларға сәйкес орман қорын қорғау, сақтау, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру үшін қажетті құрылыстар мен ғимараттар көтеруге

қ ұ қ ы ғ ы

б а р .

2. Осы Кодекстің 23-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген орман иеленушілер жеке және заңды тұлғаларға жанама орман пайдалануға ((шөп шабу, мал жаю, ара ұялары мен омарталар орналастыру, дәрілік шөптер мен техникалық шикізаттар, жабайы жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да тағамдық өнімдер, мүк, орман төсеніші мен түскен жапырақтар, қамыс әзірлеу мен жинау); орман қорының учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалануға арналған орман билеттерін беруге құқылы.

25-бап. Орман иеленушілердің міндеттері

Орман иеленушілер орман қорының қорғаныш санатына байланысты:

1) ормандардың кең ауқымда ұлғайта өсірілуін, қорғалуын, сақталуын, санитариялық жай-күйінің және олардың күтіп-бапталуының жақсаруын қамтамасыз етуге, өнімділігінің, ормандардың қорғаныштық және өзге де пайдалы қасиеттерін арттыруға, орман тұқымдары учаскелері мен плантацияларын жасауға, орман тұқымдарын жинау мен сақтауға, орманның ұтымды пайдаланылуын ұйымдастыруға, орман орналастырудың, ормандар мен жануарлар дүниесінің есебін жүргізуге, сондай-ақ табиғи-қорық қорлары объектілерін, мәдени және табиғи мұраларды сақтауға ;

2) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен бекітілген, ғылыми негізделген нормалар шегінде орман қорының ресурстық

ә л е у е т і н

п а й д а л а н у ғ а ;

3) орман қоры аумағының өртке қарсы және санитариялық орналастырылуын қамтамасыз етуге, өрт қауіпсіздігі мен орман пайдалану ережелері бұзылуының, сондай-ақ орман заңдарының басқа да бұзушылықтарының алдын алуға, оны дер кезінде байқап, жолын кесуге, орман өрттерін сендіру, орман зиянкестері мен ауруларына қарсы, жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын

табиғи аумақтар туралы заңдарды бұзушылыққа қарсы күресу жөнінде қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

26-бап. Орман иелену құқығының тоқтатылуы

Орман иелену мынадай жағдайларда:

1) орман қоры учаскесі орман иеленуінде болатын заңды тұлға жойылған және ол басқа орман иеленушіге берілген;

2) орман қорының жері белгіленген тәртіппен мемлекет қажеттілігі үшін алып қойылған;

3) Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

6-тарау. Уақытша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану құқығы

27-бап. Уақытша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану құқығының туындауы

1. Осы Кодекстің 31-бабының 2-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, уақытша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану құқығы тендер нәтижесі туралы хаттама негізінде туындайды.

2. Орман пайдаланушы - азамат қайтыс болған жағдайда оған тиесілі орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен басқа адамға ауысады.

3. Орман пайдаланушы - заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде оған тиесілі орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқоры - заңды тұлғаға ауысады.

4. Орман пайдалану құқығы тек орман пайдаланудың түрлері сақталатын, құқықтық мирасқорда орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қажетті қаражат пен өндірістік қуаттар және уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері айқындайтын тиісті біліктілігі бар мамандар бар болған жағдайда, ал орман пайдаланудың лицензияланатын түрі жүзеге асырылатын жағдайда - лицензиясы болған кезде ғана ауысады.

5. Орман пайдалану құқығының ауысуы уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану

шартына, ағаш кесу билетіне, ордерге, орман билетіне өзгерістер енгізу арқылы
р е с і м д е л е д і .

28-бап. Уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану

1. Орман ресурстары уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалануға уәкілетті мемлекеттік орган мен орман пайдаланушы арасындағы шарттың негізінде тендер нәтижелері бойынша берілу.

2. Орман ресурстары орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қаражаты мен өндірістік қуаттары және тиісті біліктіліктегі мамандары бар орман пайдаланушыларға 1 жылдан 50 жылға дейінгі мерзімге уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалануға беріледі .

3. Орман ресурстарын уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру

тиісті аумақта тұратын халықтың мүдделері ескеріле отырып, жария жүзеге асырылуға тиіс.

4. Уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген пайдаланылмаған орман ресурстары шарт мерзімі өткен соң орман пайдаланушының меншігіне ауыстырылуға жатпайды.

29-бап. Уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптары

Уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында мынадай талаптар көрсетіледі:

1) орман пайдалану жүзеге асырылатын орман қоры учаскесінің шекаралары;

2) орман қоры учаскесінің алаңы және кесімді бағалау көрсеткіштері;

3) орман пайдаланудың түрлері;

4) орман пайдаланудың көлемі (мөлшері);

5) орман пайдалану мерзімі;

6) орман пайдаланғаны үшін төленетін ақы мөлшері мен оны енгізудің тәртібі;

7) тараптардың орман ресурстарын қорғау, сақтау және ұлғайта өсіру жөніндегі міндеттері;

8) тараптардың шарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі;

9) лицензияның нөмірі мен берілген күні (орман пайдаланудың лицензияланатын түрін жүзеге асыратын жағдайда);

10) салық төлеушінің тіркеу нөмірі, Қазақстан Республикасының орман заңдарында көзделген және тараптардың қалауымен айқындалатын өзге де талаптар.

30-бап. Уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының
нысаны және оны мемлекеттік тіркеу

1. Уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты жазбаша нысанда жасалады және ол азаматтық заңдарға сәйкес мемлекеттік тіркелуге тиіс.
2. Уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты ол мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

31-бап. Уақытша қысқа мерзімді орман пайдалану

1. Орман ресурстары уақытша қысқа мерзімді орман пайдалануға тендер қорытындысы бойынша 1 жылға дейінгі мерзімге беріледі.
2. Жалпы білім беретін және мектеп жасына дейінгі мекемелердің, мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландырылатын өзге де мекемелердің отындық ағашқа қажетін қанағаттандыру үшін, осы аумаққа орналасқан және сонда тұратын ауыл шаруашылық ұйымдары мен тұрғындар үшін орман ресурстары уақытша қысқа мерзімді орман пайдалануға уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің шешімі негізінде тендер өткізілместен 1 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

32-бап. Орман ресурстарын уақытша ұзақ мерзімді және қысқа
мерзімді орман пайдалануға беру бойынша тендер
ө т к і з у д і ң т ә р т і б і

Орман ресурстарын ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалануға беру бойынша тендерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелері ұйымдастырады және өткізеді.

33-бап. Орман пайдалануға рұқсат беретін құжаттар

1. Орман пайдалануды жүзеге асыруға арнайы рұқсат беретін құжаттар - ағаш кесу билеті, ордер, орман билеті негізінде ғана жол беріледі.
2. Уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты, тендердің қорытындысы туралы хаттама, уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің шешімі ағаш кесу билетін, ордерді, орман билетін беру үшін негіздеме болып табылады.
3. Ағаш кесу билеті орман пайдаланушыға ағаш, шайыр, ағаш шырындарын және қосымша орман ресурстарын дайындауға және тасып әкетуге құқық беретін құжат
б о л ы п т а б ы л а д ы .
4. Ағаш кесу билеті орман ресурстарының сандық және сапалық сипаттамасы,

орманды пайдаланғаны үшін төленетін ақы мөлшері, жұмыстар жүргізудің мерзімдері, оорманды ұлғайта өсіру мен кесілген орындарды тазарту талаптары, дайындау технологиясына қойылатын орман шаруашылығы талаптары, ағаш кесу билетінің күшін тоқтату шарттары туралы мәліметтерді қамтиды.

5. Ағаш кесу билеті орман пайдаланушыға жыл сайын оны беру үшін негіздеме болған құжаттарда көрсетілген орман пайдалану түрлерін ғана жүзеге асыруға арналып, белгіленген көлемде және орман қорының нақты учаскесіне арнап беріледі.

6. Ағаш кесу билеті орман пайдаланушыға шайыр және ағаш шырындарын дайындауға шырын алудың бүкіл мерзіміне беріледі.

7. Ордер оның иесіне 50 текше метрге дейінгі көлемде ағаш дайындап, оны тасып әкетуге рұқсат беретін уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің шешімдері мен ағаш кесу билеті негізінде берілген құжат болып табылады.

8. Орман билеті жанама мақсатта орман пайдалануды жүзеге асыруға, орман қоры учаскесін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалануға құқық беретін құжат болып табылады.

9. Орман пайдалануға рұқсат беретін құжаттар осы Кодекстің 13-бабы 2-тармағының 9) тармақшасы мен 4-тармағының б) тармақшасында белгіленген тәртіпте беріледі.

10. Ағаш кесу билетінің, ордердің және орман билетінің нысанын,

оларды есепке алудың, сақтаудың, толтыру мен берудің тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

34-бап. Орман пайдалану құқығын жүзеге асыру

1. Орман пайдаланушылар орман пайдалану құқығын жүзеге асырған кезде ол орман қорының жағдайын нашарлатпайтын, қоршаған ортаға залал келтірмейтін, сондай-ақ басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтын болуы шарт.

2. Қазақстан Республикасының орман заңдарының талаптарына қайшы келетін мақсатта және сондай жолдармен орман пайдалануға тыйым салынады.

35-бап. Орман пайдаланушылардың орман пайдалануды жүзеге асырған кездегі құқықтары

Орман пайдалануды жүзеге асырған кезде орман пайдаланушылар:

1) өздеріне орман пайдалануға берілген орман ресурстары туралы ақпараттар алуға;

2) уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің келісімі бойынша орман пайдалану ережелерінде айқындалған тәртіпте орман пайдалану мерзіміне құрылыстар мен ғимараттар, ағаш сақтау қоймаларын көтеруге, ағаш таситын жолдар тартуға, ағаш және орман қорын пайдалануға байланысты басқа

да орман өнімдерін өңдеу үшін жабдықтар орнатуға құқылы.

36-бап. Орман пайдаланушылардың орманды пайдалануды жүзеге асырған кездегі міндеттері

Орман пайдаланушылар орманды пайдалануды жүзеге асырған кезде:

1) уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптарын, сондай-ақ ағаш кесу билетімен, ордермен, орман билетімен айқындалған талаптарды сақтауға;

2) азаматтардың денсаулығына, қоршаған ортаға залал келтіруге жол бермеуге;

3) жұмысты топырақ эрозиясының пайда болуына жол бермейтін, ормандардың жай-күйі мен ұлғайта өсірілуіне, сондай-ақ су және басқа да табиғи объектілердің жай-күйіне теріс әсерді болдырмайтын немесе оны шектейтін және жануарлар дүниесі мен олар тіршілік ететін ортаның сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізуге;

4) оларға орман пайдалану үшін бөлініп берілген орман қоры учаскелерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға және көрсетілген учаскелерде өртке қарсы іс-шараларды жүргізуге, ал орман өрті болған жағдайда оны сөндіруді қамтамасыз е т у г е ;

5) ағаш кесілетін жерлерде оны дайындау мен тасып әкетудің белгіленген мерзімі аяқталған соң кесілмеген және дайындалған ағаштарды қалдырмауға;

6) кеспеағаш орнын кесілген ағаштардың қалдықтарынан ағаш дайындаумен бір м е з г і л д е т а з а р т у ғ а ;

7) орман қорының орман пайдалану үшін бөлінген учаскелерінде өз

бетімен ағаш кесуге және табиғат қорғау заңдарының өзге де бұзушылықтарына жол бермеуге;

8) орман қоры учаскесінде жұмыс аяқталғаннан кейін оны орман иеленушіге тапсыруға;

9) ағаш кесілген жерлерде және өздерінің қызметі салдарынан өскіндер жойылған, ағаш пен бұта өсімдіктері солған алаңдарда орманды ұлғайта өсіруді өз есебінен жүзеге асыруға;

10) орман шаруашылығы залалдары мен шығындарын Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте өтеуге;

11) орман пайдаланғаны үшін төленетін ақыны Мемлекет бюджетіне дер кезінде енгізуге;

12) орманның санитариялық жай-күйін қамтамасыз ету мен жақсарту (бұдан әрі - ормандардағы санитариялық ережелер) жөніндегі ережелерді сақтауға;

13) өзге орман пайдаланушылардың құқықтарын бұзбауға;

14) белгіленген тәртіппен орман пайдалануды жүзеге асыру туралы

ақпаратты, сондай-ақ орман иеленушілерге, уәкілетті мемлекеттік органға және оның аумақтық бөлімшелеріне, мемлекеттік статистика органына орман пайдалану ақысының мөлшерін анықтау үшін қажетті ақпараттарды беруге;

15) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

37-бап. Орман пайдаланушылардың құқықтарын қорғау және оның кепілдіктері

1. Орман пайдаланушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілуге тиіс. Орман пайдаланушылар құқықтарының бұзылуымен байланысты келтірілген залал өтелуге жатады. Залалдарды өтеу туралы даулар сот тәртібімен шешіледі.

2. Орман пайдаланушылардың құқықтары бұзылған жағдайда оларды қорғау сот тәртібімен жүзеге асырылады.

38-бап. Орман пайдалану құқығын тоқтата тұру мен шектеу тәртібі

1. Орман пайдалану құқығы мынадай:

1) орман пайдаланушы орман заңдарының талаптарын бұзған;

2) орман пайдаланушы уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының, ағаш кесу билетінің, ордердің, орман билетінің талаптарын орындамаған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Орман пайдалану құқығы мынадай:

1) орман пайдалану жүзеге асырылатын орман қоры учаскелерінде орман ресурстарының қоры азайған, төтенше сипаттағы аварияның, кездейсоқ апаттың және өзге де мән-жайлардың нәтижесінде олардың жай-күйінің нашарлауына соқтырған;

2) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы авиахимиялық, авиабиологиялық және аэрозольді күрес шаралары өткізілетін жағдайларда, сондай-ақ ормандағы өрт қаупі жоғары кезеңде шектелуі мүмкін.

3. Егер орман пайдалану құқығының шектелуін не тоқтатыла тұруын

тудырған мән-жайлар немесе жағдайлар жойылса, бұл құқық толық көлемінде қалпына келтіріледі.

4. Орман пайдаланушы өзінің орман пайдалану құқығын шектеу туралы немесе тоқтата тұру туралы шешімге келіспеген жағдайда орман пайдаланушы бұл шешімге сот тәртібімен шағымдана алады.

5. Орман пайдалану құқығын шектеу немесе тоқтата тұру орман пайдаланушыларды Қазақстан Республикасының орман заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік және өзге де жауапкершіліктен босатпайды.

39-бап. Орман пайдалану құқығын тоқтатудың негіздері

1. Орман пайдалану құқығы:

- 1) орман пайдаланушы орман пайдалану құқығынан бас тартқан;
- 2) орман пайдалану мерзімі өткен;
- 3) орман пайдаланушы - заңды тұлға жойылған;

4) егер бұрын орман пайдалану құқығы тоқтатыла тұрған болса, орман пайдаланушы орман пайдаланудың белгіленген ережелерін немесе уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шартымен, ағаш кесу билетімен, ордермен, орман билетімен көзделген талаптарды жүйелі түрде (екі реттен артық) бұзған;

5) орман қорында өзгеріске әкеп соқтырған төтенше сипаттағы, орман пайдалануды жүзеге асыруға кедергі келтіретін авария, кездейсоқ апат және өзге де мән-жайларда;

6) орман пайдалану ақысын төлеудің белгіленген мерзімін жүйелі (екі

реттен артық) бұзған немесе орман пайдалану ақысын белгіленген мерзімнен кейін үш ай ішінде енгізбеген;

7) орман қоры жері мемлекеттік қажеттілік үшін алып қойылған жағдайларда тоқтатылады.

2. Орман пайдалану құқығын тоқтату орман пайдаланушыларды Қазақстан Республикасының орман заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік және өзгедей жауапкершіліктен босатпайды.

40-бап. Орман пайдалану құқығын тоқтату тәртібі

1. Орман пайдалану құқығы мынадай:

- 1) уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты бұзылған;
- 2) орман пайдаланушының жазбаша өтініші;

3) ағаш кесу билетінің, ордердің, орман билетінің күші уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен тоқтатылған;

4) лицензияны кері қайтарып алу (орман пайдаланудың лицензияланатын түрі жүзеге асырылған жағдайда) негіздерінде тоқтатылады;

2. Орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге жағдайларда да тоқтатылуы мүмкін.

41-бап. Азаматтардың орман қоры аумағында болуы

1. Азаматтардың орман қоры аумағында болуының тәртібі мен талаптары орман қорының қорғаныштық санатымен, аумақтың абаттану деңгейімен және орман

пайдаланудың түрімен анықталады.

2. Азаматтар демалыс өткізу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық іс-шараларға қатысу, жеке мұқтажы үшін жабайы жемістер, жаңғақ, саңырауқұлақ, жидек, дәрілік шикізат пен өзге де орман ресурстарын жинау мақсатында бұған жол берілетін орман қоры аумағында тегін, рұқсат беру құжаттарының болуға құқылы.

3. Азаматтардың орман қоры аумағынан жеке мұқтажға жабайы жемістер, жаңғақ, саңырауқұлақ, жидек, дәрілік шикізат, өзге де орман ресурстарын жинауына уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің ұсынуы бойынша облыстық өкілді органның шешімімен бекітілген нормалар шегінде рұқсат етіледі.

4. Қазақстан Республикасының орман заңдарына сәйкес өрт қауіпсіздігі, жаңғақ кәсіпшілігін, орман жеміс, орман тұқым және аңшылық шаруашылықтарын жүргізу мүддесіне орай азаматтардың орман қоры аумағында болуына және жабайы жемістер, жаңғақ, саңырауқұлақ, жидек, дәрілік шикізат пен өзге де орман ресурстарын жинауына шектеу қойылуы мүмкін.

5. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына және құрамында есірткілік заттар бар өсімдіктер мен құрамында есірткілік заттар бар табиғи шикізат тізбесіне енгізілген жабайы өсімдіктер мен саңырауқұлақ түрлерін жинау мен дайындауға, Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған жағдайларды қоспағанда, тыйым салынады.

6. Азаматтар өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, ағаштар мен бұталарды сындырмауға және кеспеуге тиіс, орман дақылдарының зақымдануына, ормандардың ластануына, құмырсқа илеулерінің, құс ұяларының бұзылуына жол бермеуге, жабайы тағамдық орман ресурстарын, дәрілік шикізатты олардың

ұлғайта өсірілуіне нұқсан келмейтін мерзімде және сондай тәсілдермен жинауға міндетті.

7. Азаматтардың орман қоры аумағында аң аулау және балық аулау мақсатында болуы осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының арнайы заңдарымен регламенттеледі.

ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

4-БӨЛІМ. ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

7-тарау. Орман шаруашылығын ұйымдастырудың негіздері

42-бап. Орман шаруашылығын жүргізуге қойылатын негізгі

талаптар

Орман шаруашылығын жүргізу:

1) адамның денсаулығы мен қоршаған ортаны жақсарту мүддесіне орай

ормандардың орта құрайтын, суды қорғайтын, қорғаныштық, санитариялық-гигиеналық, сауықтырушылық және өзге де пайдалы қасиеттерінің сақталуы мен күшейтілуін;

2) биологиялық әркелкіліктің сақталуын;

3) ормандардың ұлғайта өсірілуін, тұқымдық құрамы мен сапасының

жақсаруын, ғылымның, техниканың жетістіктерін және озат тәжірибені қолдану негізінде олардың өнімділігінің арттырылуын, ормандардың қорғалуы мен сақталуын;

4) табиғи-қорық қоры объектілерінің, мәдени және табиғи мұралардың сақталуын;

5) орманның көп мақсатты, үздіксіз және сарқылмайтындай етіп пайдаланылу жағдайларын қамтамасыз етуге тиіс.

43-бап. Орман шаруашылығын ұйымдастыру

1. Орман шаруашылығын ұйымдастыру:

1) орман орналастыруды жүргізуді;

2) орман қорын қорғаныштық санаттарға бөлуді;

3) орман қорын алқаптар түрлеріне бөлуді;

4) ормандарда кесілетін ағаштардың жасын белгілеуді;

5) ормандарда ағаш кесу жүйесін және орман ресурстарын ұлғайта өсіруді белгілеуді;

6) орман пайдалану нормаларын белгілеуді;

7) ормандарды қорғау мен сақтау жөнінде шаралар белгілеуді;

8) орман селекциясы мен орман тұқым шаруашылығын жүргізуді;

9) орман қорын зерттеу мен есепке алу, оны қорғау мен сақтау,

ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру, орман пайдалануды реттеу, орман заңдарының сақталуына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өзге де құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды қамтиды.

2. Орман қорын тиімді қорғау мен сақтауды қамтамасыз ету үшін орман иелену аумағы орманшылыққа, орман шеберінің учаскесіне және орман орамына бөлінеді.

44-бап. Орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру және орман өсіру мәселелері жөніндегі бағдарламалар

1. Орман қорын қорғауды, сақтауды, пайдалануды, ормандарды ұлғайта өсіруді және орман өсіруді жүзеге асыру үшін тиісті бағдарламалар жасалады.

2. Орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман

өсірудің бағдарламаларын қаржыландыру мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

45-бап. Орман қорының қорғаныштық санаты

1. Қазақстан Республикасындағы барлық орман су сақтау, алқап-топырақ қорғау, генетикалық, санитариялық-гигиеналық, сауықтыру және өзге де пайдалы функцияларды атқаратын қорғаныштық ормандар болып табылады.

2. Ормандардың атқаратын функцияларының басымдылықтарына қарай орман қоры мынадай қорғаныштық санаттарға бөлінеді:

1) ерекше қорғалатын орман аумақтары - ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ормандары (биосфералық және қорық-сепортерлерді қоса, мемлекеттік табиғи қорықтардағы ормандар; мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар; мемлекеттік табиғи резерваттар; мемлекеттік табиғи саябақтар; мемлекеттік қорықтық аймақтар, мемлекеттік орман табиғи ескерткіштері); орманның генетикалық резерваттарын қоса, ғылыми маңызы бар орман учаскелері; аса құнды орман массивтері; жаңғақ кәсіпшілігі аймақтары; орман жемісі екпелері; аса биік тау ормандары;

2) қала орманы және орманды саябақтар;

3) елді мекендердің және емдеу-сауықтыру мекемелерінің жасыл аймақтары;

4) эрозияға қарсы ормандар;

5) өзендер, көлдер, су қоймалары мен басқа да су объектілері жағалауларындағы тыйым салынған орман белдеулері;

6) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға бірдей пайдаланылатын темір жол және автомобиль жолдары бойларындағы қорғаныштық ормандар;

7) алқап-топырақ қорғаныштық ормандар.

Қазақстан Республикасының заңдарымен орман қорының өзге де қорғаныштық санаттары көзделуі мүмкін.

3. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға бірдей пайдаланылатын темір жол және автомобиль жолдары бойларындағы қорғаныштық ормандарға жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан темір жолдар телімі жолақтарымен қиылысатын, темір жол төсемінен екі жаққа 500 метрлік шектеп орман және халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға бірдей пайдаланылатын автомобиль жолдары бойындағы телім жолақтарымен қиылысатын, жол ортасынан екі жаққа 250 метрлік шектегі орман жатады.

4. Өзендер, көлдер, су қоймалары және басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5. Мемлекеттік табиғи қорықтардың (биосфералық және қорық-сепортерлерді қоса),

мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтардың және мемлекеттік табиғи резерваттардың шекарасында орналасқан мемлекеттік орман табиғи ескерткіштері солардың құрамында е с е п т е л е д і .

46-бап. Орман қорын қорғаныштық санаттарға жатқызу, бір қорғаныштық санаттан екіншісіне көшіру сондай-ақ ерекше қорғалатын учаскелерді бөлу

1. Орман қорын қорғаныштық санатқа жатқызу, сондай-ақ орман пайдалануға тыйым салынатын немесе шектелетін ерекше қорғаныштық учаскелерге бөлу оның экологиялық және әлеуметтік-экономикалық маңызына қарай орман орналастыру материалдары және (немесе) оң мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы болған кезде арнайы зерттеулер негізінде жүргізіледі.

2. Орман қорын қорғаныштық санатқа жатқызуды, сондай-ақ бір санатынан екіншісіне көшіруді Қазақстан Республикасының Үкіметі жүргізеді.

3. Орман қорында, осы Кодекстің 45-бабы 2-тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген қорғаныштық санаттарынан басқа, орман пайдаланудың шектеулі режимімен ерекше қорғаныштық учаскелер бөлінуі мүмкін.

Ерекше қорғаныштық учаскелер орман орналастыру кезінде немесе арнайы зерттеулер арқылы басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу ережелеріне сәйкес б ө л і н е д і .

47-бап. Кесілетін ағаштардың жасын белгілеу

1. Кесілетін ағаштың жасы ормандардың маңызы мен өнімділігіне, олардың атқаратын функцияларына ағаш және бұта тұқымдарының биологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ ағаштың мақсатты пайдаланылуына қарай айқындалады.

2. Кесілетін ағаштың жасын белгілеу негіздемесі орман орналастыру кезінде немесе заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша жү р г і з і л е д і .

3. Кесілетін ағаштың жасын бекітуді уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

48 - б а п . Е с е п т і к к е с п е а ғ а ш

1. Есептік кеспеағаш - басты мақсатта пайдалану тәртібімен ағаш дайындаудың жыл сайынғы нормасы - орман пайдалануды үздіксіз және сарқылмайтындай етіп пайдалану принципіне орай орман орналастыру кезінде әрбір орман иеленуші немесе оның бір бөлігі бойынша ұзақ кезеңге белгіленеді. Республиканың бүкіл аумағы және оның жекелеген облыстарының аумағы бойынша ол жекелеген орман иеленуші мен оның

бөліктерінің есептік кеспеағаш сомасы ретінде анықталады.

2. Есептік кеспеағашты мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді және ол орман орналастыру жұмыстары аяқталған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа е н г і з і л е д і .

3. Орман қорының шекарасы мен оның жай-күйі, басты мақсатта пайдалану үшін кесілетін ағаштардың жасы, орман қорының қорғаныштық санаты өзгерген кезде есептік кеспеағашқа өзгертулер енгізіледі.

Өзгертілген есептік кеспеағашты бекітуді мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

49-бап. Орман қоры алқаптарының түрлері

1. Орман қорының құрамы:

1) орман алаптарына (орман өсірілген алаптар; жинақталмаған орман дақылдары; орман питомниктері, сондай-ақ орман өсірілмеген алқаптар - ағашы кесіліп алынған, өртең, алаңқай, ағашы сирек өскен жерлер);

2) орман өспеген алқаптарға (орман өспеген алқаптар - ауыл шаруашылық алаптары, жолдар, шаршылық орман соқпақтары, өртке қарсы жыртылған жерлер, су, құм және орман қоры құрамындағы басқа да алқаптар) бөлінеді.

50-бап. Орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты мақсаттарда пайдалану үшін ормансыз алқаптарға айналдыру

1. Орман алаптарын орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты мақсаттарда пайдалану үшін ормансыз алқаптарға айналдыруды орман орналастыру немесе арнайы зерттеулер материалдары негізінде уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері жүргізеді.

Алаңқайлар топырақ зерттеу және орман орналастыру материалдары бойынша орман өсіруге жарамсыз деп танылған жағдайларда орман өспеген алқаптарға а й н а л д ы р ы л у ы м ү м к і н .

2. Уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің орманды алқаптарды орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты мақсаттарда ормансыз алқаптарға айналдыру жөніндегі шешімінде учаскенің орналасқан жері, оның алаңы, айналдыруды жүзеге асырудың мақсаты мен мерзімі, атқаруға рұқсат етілген жұмыстардың тізбесі, айналдыру мерзімі аяқталғаннан кейін осы учаскені рекультивациялау жөніндегі іс-шаралар көрсетіледі.

51-бап. Ормансыз алқаптарды орманды алқаптарға айналдыру

Ормансыз алқапты орманды алқапқа айналдыруды уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен орман иеленушілер жүргізеді.

52-бап. Орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізумен және (немесе) орман қоры жерін алып қоюмен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттағы жерге а й н а л д ы р у

1. Орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізумен және (немесе) орман қоры жерін алып қоюмен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттағы жерге айналдыру осы Кодекстің 12-бабының 12) және 13) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізумен және (немесе) орман қоры жерін алып қоюмен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттағы жерге айналдырған кезде көрсетілген айналдыру және (немесе) алып қою солардың мүддесіне жүзеге асырылатын жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте орман шаруашылығы өндірісінің залалдары мен шығындарының о р н ы н т о л т ы р а д ы .

3. Орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізумен және (немесе) орман қоры жерін алып қоюмен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттағы жерге айналдырған кезде бұл жерде орналасқан екпелерді сақтау немесе кесіп алу туралы және кесіп алу кезінде алынатын сүректі пайдалану туралы мәселе бір мезгілде ш е ш і л е д і .

4. Жер учаскесі екпелерді кесіп алу құқығынсыз берілген жеке және заңды тұлғалар олардың сақталуын және күтіп-бапталуын қамтамасыз етуге міндетті.

53-бап. Ормандардың жай-күйіне және ұлғайта өсірілуіне әсер ететін объектілер құрылысы салу орнын келісу

1. Ормандардың жай-күйіне және ұлғайта өсірілуіне әсер ететін объектілер құрылысын салу орны міндетті түрде мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізіле отырып, уәкілетті мемлекеттік органмен келісіледі.

2. Кәсіпорындарды, ғимараттарды және басқа объектілерді орналастырған, жобалаған, салған және пайдалануға берген, сондай-ақ ормандардың жай-күйіне әсер ететін жаңа технологиялық процестерді енгізген кезде ормандарды ағын судың, өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық шығарындылардың, қалдықтардың және төгінділердің теріс әсерінен сақтауды қамтамасыз ететін іс-шаралар көзделіп, жүзеге а с ы р ы л у ғ а т и і с .

3. Ормандардың жай-күйіне зиянды әсерді болдырмайтын қондырғылармен қамтамасыз етілмеген кәсіпорындарды, цехтарды, көлік жолдары мен басқа да объектілерді пайдалануға беруге тыйым салынады.

54-бап. Орман қорында орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысы жоқ жұмыстарды жүргізу

1. Орман қорында құрылыс жұмыстарын жүргізген, кең таралған пайдалы қазбаларды өндірген, коммуникациялар төсеген, орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау, егер бұл үшін орман қоры жерін бір санатынан екінші санатына көшіру және (немесе) алып қою талап етілмесе, уәкілетті мемлекеттік

органның келісімі бойынша облыстық атқарушы органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

2. Облыстық атқарушы органның шешімінде жүргізілген жұмыстардың атауы, оларды орындаудың мерзімдері мен шарттары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптар көрсетіледі.

5-БӨЛІМ. ОРМАН ОРНАЛАСТЫРУ, ОРМАН ҚОРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРМАН КАДАСТРЫ, ОРМАНДАР МОНИТОРИНГІ

8-тарау. Орман орналастыру

55-бап. Орман орналастыру

1. Орман орналастыру орман шаруашылығын жүргізудің тиімділігін көтеруге бағытталған іс-шаралар жүйесін, орман шаруашылығында бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыруды, орман қорының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етуді қамтиды.

Орман орналастыру кезінде:

1) белгіленген тәртіппен орман қорының шекарасын және орманды иеленудің ішкі шаруашылық жағынан ұйымдастырылуын анықтау;

2) топографиялық-геодезиялық жұмыстарды орындау мен орман қорын арнайы картаға түсіру;

3) ормандардың тұқымдық және жас құрамын, олардың жай-күйін анықтай отырып, орман қорын инвентаризациялау, сондай-ақ орман ресурстарының сапалық және сандық сипаттамасын анықтау;

4) табиғат-қорық қорлары объектілерін, орманның аз қалған өсімдіктерін және ерекше қорғалатын учаскелерді анықтау;

5) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу, аралық пайдалану мақсатында ағаш кесу, өзгелей мақсатта ағаш кесу қажет болатын орман қоры учаскелерін, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру, орманды суландыру, қорғау мен сақтау жөніндегі шараларды және басқа да орман шаруашылығы іс-шараларын айқындау, сондай-ақ оларды өткізу тәртібі мен тәсілдерін анықтау;

6) орман қорын қорғаныш санатына жатқызу негіздемесі, орман қорын бір қорғаныш санатынан екінші қорғаныш санатына көшіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, ормансыз алаптарды орманды алаптарға айналдыру, сондай-ақ орман қоры учаскелерін орман қоры алаптарының басқа түріне негіздеу мен жатқызу;

7) есептік кеспеағаштарды, аралық мақсатта пайдаланылатын ағаш кесу мөлшерін, басты мақсатта пайдалану үшін кесілетін ағаштардың жасын анықтау;

8) ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру, орман тұқым шаруашылығы, ормандарды қорғау мен сақтау жөніндегі іс-шаралардың, басқа да орман шаруашылығы іс-шараларының көлемін анықтау;

9) жанама орман пайдалану мен қосымша орман ресурстарын дайындау, орман қорын аңшылық шаруашылығы мұқтажы үшін, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану мөлшерін анықтау;

10) орманды биологиялық зерттеу;

11) орман орналастыру жобаларын жүзеге асыруды авторлық қадағалау;

12) орман шаруашылығын жүргізудің негізгі ережелерін әзірлеу және облыстар бойынша орман орналастырудың жиынтық жобаларын жасау;

13) өзге де орман орналастыру іс-қимылдары жүзеге асырылады.

2. Орман қорының шекарасын белгілеумен, ормандарды инвентаризациялаумен және орман шаруашылығын жүргізуді жоспарлаумен байланысты орман орналастыру мемлекеттің монополиясына жатады.

3. Орман орналастыру материалдары жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу кезіндегі орман қоры жерінің шекарасын белгілейтін және нақтылайтын кезде қ о л д а н ы л а д ы .

56-бап. Орман орналастыруды өткізу жүйесі

1. Орман қоры аумағында орман орналастыруды уәкілетті мемлекеттік органның иелігіндегі мемлекеттік орман орналастыру ұйымдары жүргізеді.

2. Орман орналастыру уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен бірыңғай ж ү й е б о й ы н ш а о р ы н д а л а д ы .

3. Орман орналастыру жүргізілмесе және белгіленген тәртіппен бекітілген орман орналастыру құжаттамасы болмаса, орман шаруашылығын жүргізу мен орман

57-бап. Орман орналастыру жобалары

1. Орман қорында орман орналастыру кезінде орман орналастыру жобалары жасалады, онда өткен тексеру кезеңі ішіндегі орман шаруашылығын жүргізу мен орман қорын пайдалануға кешенді баға беріледі, орман шаруашылығын ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі ережелері әзірленеді.

2. Мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен орман орналастыру жобалары мен орман орналастырудың басқа да құжаттарын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді және ол орман шаруашылығын жүргізу оның ағымдағы және болашақтағы дамуын жоспарлау үшін міндетті нормативтік құқықтық акт болып табылады.

58-бап. Орман қоры туралы ақпарат

1. Орман қоры туралы ақпаратта орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры, ормандар мониторингі, орман орналастыру және өзінің міндетін жүзеге асыру кезінде уәкілетті мемлекеттік органнан және (немесе) оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдардан алынған өзге де деректер қамтылады.

2. Орман қоры туралы ақпарат мемлекеттік меншік болып табылады, оны жеке және заңды тұлғалардың пайдалану тәртібі мен талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

9-тарау. Орман қорын мемлекеттік есепке алу мемлекеттік орман кадастры және ормандар мониторингі

59-бап. Орман қорын мемлекеттік есепке алу

1. Орман қорын мемлекеттік есепке алу орман қорын қорғауды, сақтауды ұйымдастыру, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру, орман пайдалану, орман қорының сандық және сапалық өзгерістеріне жүйелі бақылау жасау және мемлекеттік органдарды, мүдделі жеке және заңды тұлғаларды орман қоры туралы ақпаратпен заңдарда белгіленген тәртіпте қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

Орман қорын мемлекеттік есепке алу деректері мемлекеттік орман кадастрын жүргізген кезде пайдаланылады.

2. Орман қорын мемлекеттік есепке алу көрсеткіштерінің тізбесін, сондай-ақ тиісті құжаттардың нысандарын мемлекеттік статистикаға басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісім бойынша уәкілетті мемлекеттік орган анықтайды.

3. Орман қорын есепке алуды иелігінде орман қорының учаскесі бар барлық заңды

тұлғалар жүргізуге міндетті.

4. Орман қорын мемлекеттік есепке алуды жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

60-бап. Мемлекеттік орман кадастры

1. Мемлекеттік орман кадастры орман қорының экологиялық, экономикалық және өзге де сандық және сапалық сипаттамалары туралы мәліметтерді қамтиды.

2. Мемлекеттік орман кадастрының деректері орман шаруашылығын мемлекеттік басқару, оны жүргізуді ұйымдастыру, орман шаруашылығын жүргізумен және орман қорын пайдаланумен және (немесе) орман қоры жерін алып қоюмен байланысты емес мақсаттарда орман алаптарын ормансыз алаптарға айналдыру, орман пайдаланғаны үшін ақ төлеу мөлшерін анықтау, орман пайдаланушылар мен орманды иеленушілердің шаруашылық қызметін бағалау кезінде пайдаланылады.

3. Мемлекеттік орман кадастрын жүргізуі уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік орман кадастры көрсеткіштерінің тізбесі мен ормандарды экономикалық бағалау әдістемесін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

5. Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

61-бап. Ормандар мониторингі

1. Ормандар мониторингі орман қорын қорғау, сақтау және ормандарды ұлғайта өсіру, орман қорын пайдалану саласын мемлекеттік басқару мақсатындағы орман қорын қадағалау, бағалау және жай-күйі мен даму үрдісіне болжам жасау, биологиялық әралуандық пен ормандардың экологиялық функцияларын сақтау жүйесін білдіреді.

2. Ормандар мониторингін жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6-БӨЛІМ. ОРМАНДАРДЫ САҚТАУ, ҚОРҒАУ, ҰЛҒАЙТА ӨСІРУ ЖӘНЕ ОРМАН ӨСІРУ

10-тарау. Орман қорын қорғау мен сақтау

62-бап. Орман қорын қорғау мен сақтаудың мақсаттары және міндеттері

1. Ормандар өрттен және зиянкестер мен аурулардан, заңсыз кесіп алудан, орман

пайдаланудың белгіленген тәртібінің бұзылуы мен орман қорына зиян келтіретін өзге де іс-әрекеттерден қорғалуға тиіс.

2. Орман қорын қорғау мен сақтау ормандардың биологиялық және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады және бұл орман заңдарының бұзылуын анықтау мен оның жолын кесу, орман қорын ұтымды пайдалану, ормандарды жойылып кетуден, бұзылудан, ластанудан және орман қорына әсер ететін өзге де теріс әсерлерден сақтау жөніндегі ұйымдастыру, техникалық, құқықтық және басқа шаралар кешенін қамтиды.

3. Орман қорын қорғау мен сақтауды орман иеленушілер, орман пайдаланушылар және осы салаға мамандандырылған өзге де ұйымдар жер бетінде қорғау және авиациялық қорғау әдістерімен жүзеге асырады.

4. Орман қорын қорғау мен сақтаудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) орман өрттерінің алдын алу, оларды дер кезінде табу мен жою жөніндегі шараларды өткізу;

2) орман қоры аумағындағы барлық жұмыс істеушілер мен сонда орналасқан ұйымдардың, сондай-ақ орманда болатын азаматтардың өрт қауіпсіздігі ережелері мен ормандардағы санитариялық ережелерді сақтауын қамтамасыз ету;

3) ормандарды заңсыз кесуден, бүлінуден, ұрлаудан және басқа да Қазақстан Республикасының орман заңдарын бұзушылықтан қорғау, сондай-ақ орман қорының жерлерін қорғау;

4) орман пайдаланушылардың өсіп тұрған ағашты босату ережелерін және орман пайдаланудың басқа да түрлерінің ережелерін орындауын қамтамасыз ету;

5) орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын дер кезінде анықтау, олардың дамуына болжам жасау және оларға қарсы күресу;

6) биотехникалық шараларды өткізу;

7) орман қорының аумағында аңшылық пен балық аулау ережелерін сақтауды қамтамасыз ету;

8) орман қорының қорғалуын, сақталуын, ұлғайта өсірілуін қамтамасыз ететін басқа да іс-әрекеттер, ормандарды ұтымды пайдалану мен орман өсіру.

5. Орман иеленушілер орман өрттері мен оның салдарына Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіпте тіркеу жүргізуге міндетті.

63-бап. Орман қорын қорғау мен сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелері, жергілікті атқарушы органдар, орман иеленушілер, орман пайдаланушылар орман қорын қорғау мен сақтау орман зиянкестері мен ауруларына және орман өрттеріне қарсы күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз

е т е д і .

2. Облыстық атқарушы органдар уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің ұсынымы бойынша өрт қаупі жоғары кезеңде азаматтардың орманға баруын және оған көлік құралдарының келуін, сондай-ақ орман қорының аумағында белгілі бір жұмыс түрлерінің жүргізілуін қажет болған жағдайда шектейді.

3. Азаматтар мен заңды тұлғаларды орман өрттерін сөндіруге тарту тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

64-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман күзеті

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман күзеті (бұдан әрі - мемлекеттік орман күзеті) орман мекемелерінің қызметкерлерінен, уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарынан тұрады.

Мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Мемлекеттік орман күзеті:

1) орман заңдары, жануарлар әлемі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдар саласындағы құқық бұзушылықтарды болдырмауға және оның жолын кесуге;

2) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға;

3) өз құзыреті шегінде орман қоры аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуге;

4) тұлғаларды тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы тиісті мемлекеттік органдарға материалдарды жіберуге, өз құзыреті шегінде сотқа талап-арыз беруге;

5) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғаларға анықталған кемшіліктерді жою жөнінде жазбаша нұсқаулар беруге;

6) орман өрттерінің алдын алу, оларды дер кезінде табу мен сөндіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге;

7) шаруашылық қызметі мен өзге де қызметтерді шектеу тоқтата тұру және тоқтату туралы ұсыныстар енгізуге;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.

3. Мемлекеттік орман күзетіне өзіне жүктелген міндеттерді орындауы үшін мынадай құқықтар беріледі:

1) азаматтар мен лауазымды тұлғалардың орман қорын пайдалануды жүзеге асыруға рұқсат беретін құжаттарын тексеру;

2) орман қорын пайдалану, ормандарды қорғау, сақтау және ұлғайта өсіру, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасау, тиісті адамдарды ұстауды жүзеге асыру және

әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарда көзделген өзге де шараларды қолдану;

3) орман қорын пайдалану, ормандарды қорғау, сақтау және ұлғайта өсіру, жануарлар әлемі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстау және құқық қорғау органдарына жеткізу;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көлік құралдарын, өзге де объектілер мен орындарды тексеріп қарау, ал қажет болған кезінде ұсталған адамдарды ж е к е қ а р а п т е к с е р у ;

5) заңдармен белгіленген тәртіпте азаматтар мен лауазымды тұлғалардың заңсыз өндірген орман ресурстары мен аулаған жануарлар әлемі ресурстарын, олардың өндіріп-аулау құралдарын, сондай-ақ көлік құралдарын алып қою және заңдарда белгіленген тәртіппен бұлардың бұдан әрі кімге тиесілі болатын мәселесін шешу;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтар.

4. Мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте қызмет бабындағы қаруды сақтауға , тағып жүруге және қолдануға рұқсат етіледі.

5. Мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте нысандық киім-кешекпен, қызметтік қарумен және арнаулы қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі.

6. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда

мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының дене күшін, арнаулы қорғаныс құралдарын және қызметтік қаруын қолдануға құқығы бар.

7. Мемлекеттік орман күзетінің қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Мемлекеттік орман күзеті туралы ережемен айқындалады.

65-бап. Мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарын құқықтық және әлеуметтік қорғау

Мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықтық және әлеуметтік қорғалуға жатады.

66-бап. Орман шаруашылығы объектілеріндегі өртті мемлекеттік қадағалау

1. Орман шаруашылығы объектілеріндегі өртті мемлекеттік қадағалау Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органы және уәкілетті мемлекеттік орган арасындағы келісіммен регламенттеледі.

2. Орман қорындағы жұмыстарды жүзеге асыратын немесе орман қорында болатын орман пайдаланушылар, өзге де азаматтар мен заңды тұлғалар ормандардағы өрт қауіпсіздігінің қағидаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

67-бап. Орман қорын қорғау мен сақтау жөніндегі авиациялық

жұмыстар

1. Орман қорын өрттен сақтау, оны зиянкестер мен орман ауруларынан қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды осы салаға маманданған ұйымдар жүзеге асырады.

2. Орман қорын қорғау мен сақтау жөніндегі авиациялық жұмыстар туралы ережені азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

68-бап. Орман пайдаланушылардың ормандарды өрттен қорғау жөніндегі міндеттері

1. Орман пайдаланушылар уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде орман иеленушілермен келісім бойынша өртке қарсы іс-шаралар жоспарын жасауға және бекітуге, сондай-ақ оны белгіленген мерзімде жүзеге асыруға міндетті.

Орман иеленушілер орман пайдаланушыларға олар өртке қарсы іс-шаралар жоспарын жасаған кезде жәрдем көрсетеді.

Өртке қарсы іс-шаралар тізбесін, бұл іс-шараларға қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органымен бірге уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

2. Жеке және заңды тұлғалар орман қорының аумағында мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік, спорттық және басқа іс-шаралар мен жұмыстар жүргізгенде, өткізгенде, сол өткізу орындарында уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейтін және Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті органы бекітетін нормаларға сәйкес өрт сөндіру құралдары бар болуы міндетті.

69-бап. Өрттен қорғаудың қоғамдық бірлестіктерінің орман қорын күзетуге қатысуы

1. Орман қорын өрттен қорғауға, өрттің алдын алу мен өрт сөндіруге өрттен қорғаудың қоғамдық бірлестіктері қатыса алады.

2. Өрттен қорғаудың қоғамдық бірлестіктерін құру мен олардың жұмыс істеп тұруы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

70-бап. Орман қорын орман зиянкестері мен ауруларынан сақтау

1. Орман қорын орман зиянкестері мен ауруларынан сақтау орман қоры жай-күйін жүйелі түрде бақылап отырумен, орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын дер кезінде анықтап табумен, ошақтардың пайда болуының алдын алу, оларды оқшаулау

және жою жөніндегі шаралармен қамтамасыз етіледі.

2. Орман қорын зиянкестер мен орман ауруларынан сақтау мынадай

іс-шараларды қамтиды:

- 1) ағымдағы, экспедициялық, аэровизуальді және басқа да орман-патологиялық тексерулер;
- 2) орман зиянкестері мен ауруларының дамуын жалпы, алдын ала және егжей-тегжейлі қадағалау;
- 3) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес бойынша жер бетіндегі және авиациялық жұмыстарды жүзеге асыру;
- 4) орман зиянкестері мен ауруларының алдын алу және ошақтарын жою.

3. Орман қорын зиянкестер мен орман ауруларынан сақтау жөніндегі іс-шаралар уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін санитариялық ережелермен регламенттеледі.

71-бап. Орман пайдаланушылардың орман қорын орман зиянкестері мен ауруларынан сақтау жөніндегі міндеттері

1. Орман қорын орман зиянкестері мен ауруларынан сақтау мақсатында орман пайдаланушылар:

- 1) жұмыстарды орман қорының санитариялық жай-күйін сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ететін жолдармен, технологияларды сақтай отырып жүргізуге;
- 2) өздері орман пайдалануды жүзеге асыратын орман қоры учаскелеріне орман зиянкестері мен ауруларының таралуына жол бермеуге;
- 3) уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында, ағаш кесу билетінде, ордерде және орман билетінде көзделген орман қорын орман зиянкестері мен ауруларынан сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;
- 4) орман иеленушілердің орман қорын орман зиянкестері мен ауруларынан сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруына көмек көрсетуге;
- 5) орман қорында орман зиянкестері мен ауруларының пайда болғаны туралы орман иеленушілерді дер кезінде хабардар етіп отыруға;
- 6) ормандарда санитариялық ережелерді орындауға міндетті.

72-бап. Орман өрттеріне, орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күресті ұйымдастыруға жергілікті атқарушы органдардың қатысуы

Орман өрттерін болдырмау, өртке қарсы, сондай-ақ орман зиянкестері мен

ауруларына қарсы күресу мақсатында жергілікті атқарушы органдар:

1) жыл сайын орман өрттерінің алдын алу мен өртке қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді және оны орындауды ұйымдастырады;

2) орман өрттерін сөндіру үшін халықты, меншік нысанына қарамастан ұйымдар қызметкерлерін, сондай-ақ ұйымдардың өрт сөндіру техникасын, көлік және басқа құралдарын тартудың тәртібін белгілейді, осы жұмысқа тартылған азаматтарды жүріп-тұру құралдарымен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етеді;

3) ормандардағы өрт қаупі жоғары кезеңге арнап заңдарға сәйкес өрт сөндіретін қоғамдық бірлестіктер құруды алдын ала кездестіреді;

4) өрт қаупі мол маусымға арнап жанар-жағар материалдар резервін құрады;

5) өртке қарсы күрес мақсатына арналған жолдардың, аэродромдардың және орман қорын авиациялық кезінде пайдаланылатын әуе кемелері үшін қону алаңдарының құрылысы мен жөнделуіне жәрдем көрсетеді;

6) шаруа қожалықтары мен өзге де ауыл шаруашылығы құрылымдарының орман қорына тіреліп тиіп тұрған аумақтарында өсіп кеткен шөптерді өртеуіне бақылау ж а с а у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

7) өртке қарсы насихат жүргізуді, ормандарды мұқият сақтау, ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін орындау жөніндегі мәселелердің бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі түрде жазылуын ұйымдастырады;

8) облыс, аудан аумақтарында, қажет болған жағдайда осы мақсаттар үшін арнаулы комиссия құра отырып, орман өрттеріне қарсы күрес жөніндегі жұмыстардың үйлестіруін қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

9) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес және ормандардың санитариялық жай-күйін жақсарту жөніндегі жұмыстарды жүргізуге жәрдемдеседі;

10) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөнінде авиациялық, авиабиологиялық және аэрозольдік іс-шаралар өткізу кезінде, сондай-ақ ормандағы өрт қаупі жоғары кезеңдерде азаматтардың ормандарда болуына тыйым салу туралы және орман пайдалану құқығын тоқтата тұру,

шектеу немесе тоқтату туралы шешімдер шығарады.

73-бап. Азаматтар мен заңды тұлғалардың ормандарды зиянды әсерлерден қорғау мен сақтау жөніндегі міндеттері

Азаматтар мен заңды тұлғалар орман қорының жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін немесе теріс әсер ететін қызметтерді жүзеге асырған кезде уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен келісілетін ормандарды қорғау мен сақтау жөніндегі технологиялық, санитариялық және басқа іс-шараларды жүргізуге міндетті.

74-бап. Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің орман қорын қорғау мен сақтауды қамтамасыз етуге қатысуы

Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктер орман қорын қорғау мен сақтауды қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қатыса алады.

11-тарау. Ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру
75-бап. Ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсірудің
мақсаттары

1. Ормандарды ұлғайта өсірудің мақсаты орман қорының ағашы кесілген, өртең және бұрын ағаш өскен өзге де алаңдарында орманды дер кезінде қалпына келтіру, орман ағаштарының тұқымдық құрамын жақсарту, ормандардың өнімділігін арттыру, орман қоры жерлерінің ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Орман өсірудің мақсаты орман қорының өнім бермейтін жерлерін қысқарту үшін ормансыз алаптарда ағаштар өсіру, орман қорына кірмейтін жерлерде қорғаныштық және көшеттік екпелер өсіру болып табылады.

76-бап. Ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетінің
арттырылуына қойылатын негізгі талаптар

1. Орман шаруашылығын жүргізу ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін арттыруды қамтамасыз етуге тиіс.

2. Ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін арттыру ағаш кесудің ғылыми негізделген жүйесін іске асыру, ормандарды ұлғайта өсіру, олардың тұқымдық құрамын жақсарту, селекциялық-генетикалық негізде тұрақты тұқым базасын жасау мен оны тиімді пайдалану гидро-орман мелиорациясы, орманға күтім жасау мен басқа да орман шаруашылығы іс-шараларын өткізу нәтижесінде жүзеге асырылады.

3. Ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін көтеру жөніндегі іс-шараларды орман орналастыру жобаларына сәйкес орман иеленушілер мен орман пайдаланушылар өткізеді.

77-бап. Ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру жөніндегі
іс-шараларды жүргізу

1. Ормандарды ұлғайта өсіру жөніндегі іс-шаралар ағаш өсіру жағдайлары мен оның экономикалық жағынан мақсатқа сай келуі ескеріле отырып, экологиялық талаптарды сақтаумен бірге, неғұрлым қысқа мерзімде жоғары өнімді және төзімді екпелер жасауды қамтамасыз ететін жолдармен жүргізілуге тиіс.

2. Ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру жөніндегі іс-шаралар көлемі орман орналастыру және экологиялық сараптамадан өткен, осы салада маманданған басқа да

жобалау-іздігіру ұйымдарының мемлекеттік жобаларымен айқындалады.

3. Ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру, орман тұқымдарын дайындау және олардың сапасына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды өткізу тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

4. Ауыл шаруашылығы және басқа ұйымдардың жерлерінде орман өсіру жөніндегі іс-шараларды өткізу олардың қаржылары есебінен орман шаруашылығын жобалау жөніндегі мамандандырылған жобалау-іздігіру ұйымдары әзірлеген жобалар негізінде жүзеге асырылады.

78-бап. Орманның тұқым шаруашылығы

1. Орманның тұқым шаруашылығы орманның ағаш және бұта тұқымдастарының тұқымын дайындау, өңдеу, сақтау және пайдалану, олардың сапасына және бағалы тұқымдық қасиеттері бар әрі егу сапасы жоғары тұқым алуға бағытталған шығымына бақылау жасау жөніндегі кешенді іс-шараларды қамтиды.

2. Орманның тұқым шаруашылығы жөніндегі іс-шараларды жүргізу осы Кодекстің талаптары мен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін орманның тұқым шаруашылығы ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

79-бап. Орман пайдаланушылардың ормандарды ұлғайта өсіру жөніндегі міндеттері

1. Орман пайдаланушылар сүрек дайындау жұмыстары кезінде тиісті тәртіппен мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізілген және ормандардың сенімді сақталуы мен ұлғайта өсірілуін қамтамасыз ететін техника мен технологияларды пайдалана отырып, ормандардың табиғи түрде ұлғайта өсірілуі үшін оңтайлы шарттарды сақтауға арналған талаптарды ұстануға міндетті.

2. Сүрек дайындау жөніндегі жұмыстар нәтижесінде өскіндер жойылып кеткен жағдайда, орман пайдаланушы жойылған өскіндер алаңында орманды қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды өз есебінен жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.

80-бап. Орман мекемелерінің ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін көтеру жөніндегі міндеттері

Ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін көтеру мақсатында орман мекемелері:

1) ормандардың тұқымдық құрамын жақсарту, олардың өнімділігі мен қорғаныштық қасиеттерін көтеру, топырақтың құнарлылығын арттыру, сондай-ақ топырақтың су және жел эрозиясын, батпақтануын, тұздануын және орман қоры

жерлерінің жай-күйін нашарлататын басқа да процестерді болдырмау жөнінде шаралар қ а б ы л д а у ғ а ;

2) ормандардың тиімді түрде ұлғайта өсірілуін қамтамасыз етуге және жаңа ормандар жасауға, орманды күтіп-баптау түріндегі кесуді, санитариялық кесуді жүзеге а с ы р у ғ а ;

3) орман шаруашылығы мақсатындағы жолдар құрылысын қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

81-бап. Орман мекемелеріне орман өсіру үшін жерлер беру

Республика аумағында оңтайлы орман өсуін, өзендердің, суаттардың жағалауларында ағаштың желектенуін қамтамасыз ету үшін және басқа да қажетті жағдайларда орман қоры жерінің құрамына өзге санаттағы жерлер, ең алдымен ауыл шаруашылығында пайдалану үшін жарамсыз (сайлар, жыралар, құмдауыттар, басқа да азып-тозған жерлер және т.б.) жерлер, сондай-ақ мемлекеттік жер қорының жерлері б е р і л у і м ү м к і н .

Аталған жерлерді орман қоры жерлерінің құрамына беру Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

82-бап. Орман өсімдіктері (флора) мен жануарлар (фауна) дүниесін интродукциялау

1. Орман биоценоздарында өсімдіктер мен жануарлардың түрлері мен нысандарын қалпына келтіру және ұлғайта-молайта өсіру жергілікті өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің байырғы түрлерін реинтродукциялау жолымен жүргізіледі.

2. Орман биоценоздарында интродукциялау уәкілетті мемлекеттік орган

және ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган арасындағы келісім бойынша жүзеге асырылады.

3. Өсімдіктердің негізгі байырғы түрлеріне зиянын тигізетін өсімдіктер түрлерін интродукциялауға тыйым салынады.

12-тарау. Жердің кейбір санаттарында орман қорын қорғаудың, сақтаудың, пайдаланудың және ормандарды ұлғайта өсірудің ерекшеліктері

83-бап. Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орман қорын қорғаудың, сақтаудың, пайдаланудың және ормандарды ұлғайта өсірудің ерекшеліктері

Занды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану және ормандарды ұлғайта өсіру осы Кодекске және Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

84-бап. Қала ормандары мен орманды саябақтарда орман пайдаланудың ерекшеліктері

1. Қалалық елді мекендердің шекаралары шегінде орналасқан ормандар (қала ормандары мен орманды саябақтар) халықтың демалысы, мәдени-сауықтыру және спорттық шараларды өткізу үшін, сондай-ақ қолайлы экологиялық ортаны сақтауға арналған.

2. Орман шаруашылығын жүргізуі, сондай-ақ қала ормандары мен орманды саябақтарды қорғауды, сақтауды, пайдалануды және ұлғайта өсіруді тиісті орман мекемелері жүзеге асырады.

3. Қала ормандарында басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге және бұл ормандардың негізгі мақсатына үйлеспейтін орман пайдаланудың өзге де түрлеріне тыйым салынады.

85-бап. Шекара аймақтарындағы орман қоры учаскелерін пайдалану ерекшеліктері

Шекаралық аймақтарда орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалану осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара туралы заңдарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

86-бап. Басқа жер пайдаланушыларға берілген орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта өсімдіктерін қорғау, сақтау, ұлғайта өсіру және пайдалану ерекшеліктері

1. Басқа жер пайдаланушыларға ауыл және орман шаруашылықтарын кешенді жүргізу үшін белгіленген тәртіпте берілген орман қоры учаскелеріндегі ағаш және бұта өсімдіктерін қорғауы, сақтауды, ұлғайта өсіруді және пайдалануды осы Кодекстің талаптарына сәйкес аталған жер пайдаланушылар жүргізеді.

2. Аумақтарында орман қоры бар жер пайдаланушылар осы Кодексте белгіленген тәртіпте орман орналастыру жұмыстарын өткізуге және орман қорын есепке алуды жүргізуге міндетті.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ормандардың жай-күйіне, қорғалуына, сақталуына, пайдаланылуына және ұлғайта өсірілуіне бақылау

жасауды уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

87-бап. Басқа меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелері арасында орналасқан орман қоры учаскелерін пайдалану ерекшеліктері

Басқа меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелері арасында орналасқан орман қоры учаскелерін қорғауды, сақтауды, пайдалануды, ормандарды ұлғайта өсіру жүзеге асыру үшін орман мекемелерінің Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарында белгіленген тәртіпте бөтен жер учаскелерін (сервитуттар) шектеулі мақсатта пайдалану құқығы болады.

88-бап. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлердегі ағаш және бұта өсімдіктерін қорғау, сақтау және пайдалану ерекшеліктері

1. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлерде орналасқан ағаш және бұта өсімдіктері олардың топырақ қорғау, су реттеу және өзге де қасиеттерін пайдалану арқылы жерлері қолайсыз табиғи, антропогендік және техногендік құбылыстар әсерінен қорғауды қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған ағаш және бұта өсімдіктерін қорғауды, сақтауды және пайдалануды осы өсімдіктер жерлерінде орналасқан жер пайдаланушылар жүзеге асырады.

3. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлерде орналасқан ағаш және бұта өсімдіктерінің қорғаныш функциясын сақтау мақсатында ағаш және бұта өсімдіктерін күтім жасап кесуге, санитариялық кесуге, жаңғыртып кесуге, сондай-ақ басқа да кесуге жол беріледі. Агроорманмелиоративтік екпелердегі кесу оларды жасау жобаларына сәйкес жүргізіледі.

4. Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлердегі орман өсіру, ағаш және бұта өсімдіктеріне күтім жасау, оны пайдалану, қорғау және сақтау тәртібі, сондай-ақ бұл өсімдіктердің пайдаланылуына, қорғалуына және сақталуына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

89-бап. Темір жолдың, автомобиль жолының, арналардың, магистральдық құбыр өткізгіштердің және басқа желілік құрылыстардың бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныш екпелерін қорғау, сақтау және пайдалану ерекшеліктері

1. Темір жолдың, автомобиль жолының, арналардың, магистральдық құбыр

өткізгіштердің және басқа желілік құрылыстардың бөліп берілген белдеулерінде орналасқан ағаш және бұта өсімдіктері бұл объектілерді қолайсыз табиғи құбылыстардан қорғау, қоршаған ортаның ластануын болдырмау, шудың әсерін азайту мақсатын көздейді.

2. Темір жолдың, автомобиль жолының, арналардың, магистральдық құбыр өткізгіштердің және басқа желілік құрылыстардың бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныш екпелерін күтім жасап кесуге, санитариялық кесуге, жаңғыртып кесуге және басқа кесуге осы қорғаныш екпелерін жасау

жобаларына сәйкес жол беріледі.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған ағаш және бұта өсімдіктерін қорғауды, сақтауды және пайдалануды осы өсімдіктер жерлерінде орналасқан жер пайдаланушылар жүзеге асырады.

7-БӨЛІМ. ОРМАН ҚОРЫН ПАЙДАЛАНУ

13-тарау. Негізгі ережелер

90-бап. Орман қорын пайдалануға қойылатын негізгі талаптар

Орман қорын пайдалану мынадай негізгі талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) ормандардың орта қалыптастыратын, су қорғайтын, қорғаныштық және өзге функцияларын сақтау;

2) ормандардың, табиғи-қорық қорлары объектілерінің, мәдени және табиғи мұралардың биологиялық әр алуандығын сақтау;

3) экономика мен халықтың қажеттілігін қанағаттандыру үшін орман пайдалануды үздіксіз және сарқылмайтындай қамтамасыз ету;

4) ормандардың ұлғайта өсірілуі мен орман өсіру үшін қажет шарттарды қамтамасыз ету;

5) орман пайдалануға ақы төленетіндігі;

6) орман пайдаланудың ғылыми негізделген нормаларын сақтау;

7) орман пайдалануды орман қорының қорғаныш санатына және экономикалық шарттарға байланысты жүзеге асыру.

91-бап. Орман пайдаланудың түрлері

1. Орман қорында орман пайдаланудың мынадай түрлері жүзеге асырылуы мүмкін:

1) сүрек дайындау;

2) шайыр, ағаш шырындарын дайындау;

3) маңызы шамалы орман ресурстарын (қабықтар, бұтақтар, түбіршіктер, тамырлар, жапырақтар, бүршіктер) дайындау;

4) жанама орман пайдалану (шөп шабу, мал жаю, ара ұялары мен омарта орналастыру, дәрілік шөптер мен техникалық шикізаттар, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер және басқа тағамдық өнімдер, мүк, орман төсеніштері мен түскен жапырақтар, камыстар дайындау мен жинау);

5) орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылықтарының мұқтаждары үшін пайдалану;

6) орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану;

7) орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану.

2. Орман қоры учаскелерін пайдалану орман ресурстарын алып қойып та, сондай-ақ алып қоймай-ақ жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Орман қорының учаскелері орман пайдаланудың бір немесе бірнеше

түрлерін жүзеге асыру үшін бір немесе бірнеше орман пайдаланушыға берілуі мүмкін.

4. Орман ресурстары мен орман қоры учаскелерін пайдалану ерекшеліктері осы Кодекске сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерімен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.

92-бап. Орман пайдалану жөніндегі қызметті лицензиялау

Орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек, шайыр және ағаш шырындарын дайындау жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте лицензиялауға жатады.

14-тарау. Орман пайдалануды жүзеге асыру

93-бап. Ормандарда ағаш кесу

1. Ормандарда сүрек дайындау ағаш кесудің мынадай түрлерін жүргізу тәртібімен жүзеге асырылады:

1) толысқан және қураған сүректіңде жүргізілетін басты мақсаттағы пайдалану;

2) аралық мақсатқа пайдалану (орманды күтіп-баптауға байланысты кесу, іріктеп санитариялық мақсатта кесу және құндылығы аз орман екпелерін жаңғыртуға байланысты, сондай-ақ қорғаныштық, су қорғау және басқа функцияларын жоғалтқан екпелерді кесу, шыбықтардағы жеке талдарды кесу);

3) ағаштарды басқа мақсаттарда кесу (жаппай санитариялық кесу су тораптарының, құбырлардың, жолдардың құрылысына байланысты орман соқпақтарын тартқан, өртке қарсы жыралар жасаған кездегі орман алаңдарын тазарту, өзге де мақсаттарға орай кесу

)

2. Ормандарда ағаш кесу оларды жүргізудің Қазақстан Республикасының үкіметі бекітетін ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

94-бап. Орман қорының жекелеген қорғаныш санаттарында
орман пайдалануды шектеу

1. Ерекше қорғалатын орман аймақтарында (мемлекеттік табиғи резерваттардың орнықты даму аймақтарынан басқа); қалалық ормандар мен орманды саябақтарда; елді мекендер мен емдеу-сауықтыру мекемелерінің жасыл аймақтарында; мемлекеттік қорғаныш орман белдеулерінде; эрозияға қарсы ормандарда; өзендердің, көлдердің, су қоймалары мен басқа да су объектілерінің жағалауындағы тыйым салынған белдеулерде (су жайылған жерлердегі өскіндері жаңарып шығатын жапырақты ормандардан басқа); темір жолдар мен халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының қапталындағы қорғаныш орман белдеулерінде, сондай-ақ басқа қорғаныш санатында бөліп көрсетілген ерекше қорғаныш учаскелерінде, осы Кодекстің 95-бабында айтылған жағдайларды қоспағанда, басты мақсатта пайдаланудағы ағаш кесу мен ағаш кесуін басқа да түрлеріне, сондай-ақ шайыр мен ағаш шырындарын, қосымша орман ресурстарын дайындауға тыйым салынады.

2. Мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар мен мемлекеттік табиғи саябақтардың шектеулі шаруашылық қызметінің кіші аймақтарынан, мемлекеттік табиғи резерваттардың буферлік аймақтары мен орнықты даму аймақтарынан, мемлекеттік қорық аймақтарының шаруашылық қызметі аймақтарынан басқа, осы баптың 1-тармағында аталған орман қорының қорғаныш санатында шөп шабу мен мал жаюға тыйым салынады.

3. Мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар мен мемлекеттік табиғи саябақтардың шектеулі шаруашылық қызметінің кіші аймақтарынан, мемлекеттік табиғи резерваттардың буферлік аймақтары мен орнықты даму аймақтарынан, мемлекеттік қорық аймақтарының шаруашылық қызметі аймақтарынан, жаңғақ кәсіпшілік аймағынан, орман-жидек екпелерінен, өзендер, көлдер, су қоймалары мен басқа да су объектілері жағалаулары бойындағы тыйым салынған орман белдеулерінен, темір жолдар мен халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының қапталындағы қорғаныш орман белдеулерінен басқа, осы баптың 1-тармағында аталған орман қорының қорғаныш санатында орманның сүректік емес өнімдерін кәсіпшілік дайындауға тыйым салынады.

4. Жануарлардың сирек және құрып кету қаупі төнген түрлерінің жойылуына немесе өмір сүру ортасының азып-тозуына соқтыратын сүрек дайындауға жол берілмейді.

95-бап. Орман қорының жекелеген санаттарындағы ормандарда және таудағы ормандарда ағаш кесудің ерекшеліктері

1. Басты мақсатта пайдалану үшін кесу орман қорының "дала-топырақ қорғау ормандары" қорғаныш санатындағы толысқан және қураған сүректіңдерде; орман қорының "өзендер, көлдер, су қоймалары мен басқа су объектілері жағалаулары бойындағы тыйым салынған орман белдеулері" қорғаныш санатындағы су жайылған жерлердегі өскіндері жаңарып шығатын жапырақты сүректіңдерде; сондай-ақ мемлекеттік табиғи резерваттардың орнықты даму аймақтарының аумақтарындағы сүректіңдерде жүргізіледі.

Орман қорының басқа қорғаныш санаттарындағы сүректіңдерді басты мақсатта пайдалану үшін кесуге тыйым салынады.

2. Басқа да ағаш кесулер, сондай-ақ осы Кодекстің 45-бабы 2-тармағының 1)-5) тармақшаларында аталған қорғаныш санаттарындағы ормандарда шаруашылық жағынан құндылығы аз және қорғаныштық, су қорғаушылық және басқа экологиялық функцияларын жоғалта бастаған ағаштарды жаңғыртуға байланысты кесу уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша ғана жүргізіледі.

Орман қорының "өзендер, көлдер, су қоймалары мен басқа су объектілері жағалаулары бойындағы тыйым салынған орман белдеулері; "темір жолдар мен халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының қапталындағы қорғаныш орман белдеулері" қорғаныш санаттарындағы аралық мақсатқа пайдаланылатын кесу мен басқа мақсаттардағы кесуге оларды жүргізудің ережелеріне сәйкес жол беріледі.

3. Мемлекеттік табиғи қорықтардың ормандарында (биосфералық және сепортер-қорықтарды қоса), мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтардың, мемлекеттік табиғи саябақтардың және мемлекеттік қорық өңірлерінің қорық режимі өңірлерінде, мемлекеттік табиғи резерваттардың қорық ядросы өңірлерінде, мемлекеттік табиғи орман ескерткіштерінде және орманның генетикалық резерваттарында санитариялық және орман қорғау іс-шараларын жүзеге асыру үшін қажетті ағаш кесуге ғана жол беріледі.

Аталған ағаш кесу уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатымен

мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде жүргізіледі.

4. Таудағы ормандарда бұл ормандардың қорғаныштық, эрозияға қарсы және су реттеуші маңызы ескеріле отырып, басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу қолданылады.

96-бап. Сүректі кесіп дайындау тәртібі

Кеспеағаш қорын бөлу, оны орман пайдаланушыларға беру, сүректі кесіп дайындау тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Орманда өсіп тұрған ағашты босату ережелерімен

P950752_

белгіленеді.

97-бап. Сүректі басты мақсатта пайдалану үшін кесіп дайындау көлемі

Әрбір орман иеленуші немесе оның бір бөлігі бойынша сүректі басты мақсатта пайдалану үшін кесіп дайындау есепті кеспеағаштан аспайтын көлемде жүзеге асырылады.

98-бап. Аралық пайдалану үшін және басқа ағаш кесу кезінде сүрек дайындау көлемін айқындау

1. Аралық пайдалану үшін сүректі кесіп дайындау көлемі орман орналастыру кезінде екпелердің жай-күйін, орманға күтім жасап кесудің, іріктеп санитариялық кесудің, құндылығы аз және қорғаныш функцияларын жоғалта бастаған екпелерді жаңғыртумен байланысты кесудің белгіленген нормаларын негізге ала отырып айқындалады және оны уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

2. Басқа мақсаттарда ағаш кесу кезінде сүрек дайындау көлемі жаппай санитариялық кесуге жатқызылған кеспеағаш бөліп беру материалдары, құрылыс салу, орман соқпақтарын тарау кезіндегі орман алаңдарын тазарту жөніндегі жұмыстардың көлемі мен басқа да орман шаруашылығы іс-шараларының орындалуы бойынша айқындалады және уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте бекітіледі.

99-бап. Шайыр және ағаш шырындарын дайындау

1. Шайыр және ағаш шырындарын дайындау піскен және толысқан сүректіңдерде жүргізіледі, олар шырын алудың белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін басты мақсатта пайдалану үшін кесуге жіберіледі. Піскен және толысқан сүректіңдер жеткіліксіз болған кезде, шырын алу мерзімінің аяқталуына қарай кесу жасына жететін пісіп-жетілген ағаштардан шырын алуға жол беріледі.

Басты мақсатқа пайдалану үшін кесудің және бұл сүректіңдерден шырын алудың белгіленген тәртіппен бекітілген жоспарлары болмаса, аталған сүректіңдерді шырын алуға беруге тыйым салынады.

2. Ағаштарды шырын алудан мерзімінен бұрын алып қоюға олардың санитариялық жай-күйі күрт нашарлаған немесе өрттен зақымданған жағдайда ғана жол беріледі.

3. Шайыр және ағаш шырындарын дайындау ережесін, сондай-ақ сүрекдіндерден шырын алу мүмкін болатын өңірлерді уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

100-бап. Маңызы шамалы орман ресурстарын дайындау

1. Өнеркәсіптік ұқсату, орман кәсіпшіліктерін дамыту және халықтың мұқтажын қанағаттандыру үшін маңызы шамалы орман ресурстарын дайындау орманға залал келтірмей жүзеге асырылуға тиіс.

2. Ормандағы кесу жұмыстарын жүргізу ретімен кесілген ағаштардан ғана қабық және бұтақ дайындауға жол беріледі.

3. Қурап қалған және құлап жатқан ағаштардан қабық дайындауды орман қорының бүкіл аумағында жүргізуге болады.

4. Өсіп тұрған ағаштардан тоқу үшін қажет бұтақтар дайындауға, сондай-ақ бусоғар, сыпыртқы және сол сияқты заттарды әзірлеуге ағаш кесу ережесімен айқындалған тәртіпте жол беріледі.

101-бап. Жанама мақсатта орман пайдалануды жүзеге асыру шарттары

Жабайы жемістер, жанғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер, дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізат дайындап, жинау, ара ұялары мен омарталар орналастыру уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін Қазақстан Республикасында Жанама мақсатта орман пайдалану ережелері айқындайтын тәртіпте, орманға залал келтірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

102-бап. Орман қорында шөп шабу мен мал жаю

1. Шөп шабу және мал жаю мүмкін болатын алаңдарды орман орналастыру жобаларына сәйкес орман иеленушілер белгілейді.

2. Орман қорына кіретін жайылымдарда малды бақташысыз жаюға ерекше жағдайларда шалғай, жету жолы қиын және халық аз қоныстанған аудандарда жол беріледі. Мұндай аудандардың тізбесін уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің ұсынымы бойынша облыстық өкілді орган бекітеді.

3. Ормандарда ешкілердің жайылуына арнайы бөлінген қоршалған учаскелерде ғана жол беріледі.

4. Орман қорында шөп шабу мен мал жаю ережелерін уәкілетті

мемлекеттік орган бекітеді.

103-бап. Орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының
мұқтаждары үшін пайдалану

1. Орман қорының учаскелері аңшылық шаруашылығы мұқтаждары үшін жеке және заңды тұлғаларға осы Кодекспен белгіленген тәртіпте уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты негізінде беріледі.

2. Орман қорындағы жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беретін құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте беріледі.

3. Орман қорының учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

104-бап. Орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары
үшін пайдалану

1. Орман иеленушілер жеке және заңды тұлғалардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуі үшін орман қорының учаскелерін осы Кодекспен белгіленген тәртіпте уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты негізінде береді.

2. Орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

105-бап. Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру,
рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар
үшін пайдалану

1. Орман иеленушілер жеке және заңды тұлғаларға орман қорының учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін осы Кодекспен белгіленген тәртіпте уақытша ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты негізінде б е р е д і .

2. Орман пайдаланушылар орманды орта мен табиғи ландшафты сақтауды, ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелері мен санитариялық ережелерді сақтауды ескере отырып, орман қорының берілген учаскелерінде абаттандыру және халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жөніндегі іс-шараларды өткізеді.

3. Орман қорының учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е л г і л е й д і .

106-бап. Орман биоценоздарының тектік қорын пайдалану

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы орман биоценоздарының тектік қоры

республикалық меншікке жатады және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің генетикалық резерваттарын, жылылықты қажет ететін екпелер мен ағаштарды, басқа да селекциялық-генетикалық объектілерді қамтитын шектеулі пайдалану режимі бар дербес өңірлер түрінде аумақтар бойынша бөлінеді.

Аталған өңірлерді ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласында

басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган мен уәкілетті мемлекеттік органның ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Орманның өсімдіктер (флора) мен жануарлар (фауна) дүниесі тектік қорының репродукциялық материалдарын басқа мемлекеттермен алмасу Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

8-БӨЛІМ. ОРМАН ҚОРЫН ҚОРҒАУДЫҢ, САҚТАУДЫҢ, ПАЙДАЛАНУДЫҢ, ОРМАНДАРДЫ ҰЛҒАЙТА ӨСІРУ МЕН ОРМАН ӨСІРУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕТІГІ

15-тарау. Орман пайдаланғаны үшін ақы төлеу

107-бап. Орман пайдаланғаны үшін ақы төлеу

1. Орман қорын пайдалану рұқсат беретін құжаттар негізінде ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Орман пайдаланғаны үшін төленетін ақы ормандардың пайдалы қасиеттері, орман ресурстарының сапасы мен арзанға түсуі, орман өнімдеріне арналған нарықтық бағалар ескеріле отырып белгіленеді.

2. Орман қорын пайдаланғаны үшін ақы төлеудің базалық ставкасы, ақша аудару мен бюджетке төлем төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне

К010209_

сәйкес айқындалады.

16-тарау. Орман шаруашылығын қаржыландыру

108-бап. Орман шаруашылығын жүргізуге арналған
шығыстарды қаржыландыру көздері

Орман шаруашылығын жүргізуге арналған шығыстарды қаржыландыру көздері:

1) республикалық бюджет қаражаты;

2) жергілікті бюджеттер қаражаты;

3) орман мекемелерінің осы кодекстің 110-бабының 1-тармағында

көзделген ақылы қызмет көрсетуден түсіретін қаражаты;

4) Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де

қаржыландыру көздері есебінен жүргізіледі.

109-бап. Орман шаруашылығын жүргізуге арналған
шығыстарды қаржыландыру

1. Республикалық бюджет қаражатынан мынадай іс-шараларды қаржыландыру қамтамасыз етіледі:

1) ормандарды өрттен, өз бетінше кесіп алудан және орман заңдарын өзге де бұзушылықтан қорғау, жер үстіндегі және авиациялық жұмыстар арқылы жүзеге асырылатын ормандарды зиянкестер мен аурулардан сақтау;

2) орман шаруашылығы жолдарын салу мен оларды күтіп ұстау;

3) орманның тұқым шаруашылығы, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру, ағаш және бұта тұқымдарының селекциясы;

4) орман орналастыруды, орман қорын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік орман кадастрын, орман мониторингін жүргізу;

5) орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру

мен орман өсіру саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалау-іздігіру жұмыстары;

6) күтім жасап кесу мен санитариялық кесу жүргізу;

7) орман және аңшылық шаруашылықтары үшін кадрлар даярлау;

8) ормандарды қорғауға, сақтауға, ұлғайта өсіру мен орман өсіруге жұмсалатын күрделі қаржы.

2. Жергілікті бюджеттер қаражатынан (ормандарды өрттен қорғау, орманның зиянкестері мен ауруларына сақтау, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіруді қоса) жергілікті деңгейдегі қоршаған ортаны қорғау, сауықтыру жөніндегі шығыстарды қаржыландыру қамтамасыз етіледі.

110-бап. Орман мекемелерінің ақылы қызмет көрсетуден
түсіретін қаражаты

1. Орман мекемелері заңды және жеке тұлғаларға ақылы қызмет көрсетуден қаражаттар түсіре алады, бұлар:

1) отырғызу материалдарын өсіру мен орман тұқымдарын жинау;

2) көгалдандыратын, қорғаныштық, плантациялық және өзге екпелер жасау;

3) орман шаруашылығы саласында сабағаттық және техникалық көмектер көрсету;

4) ормандарда күтім жасап кесу мен санитариялық кесуді жүзеге асырған кезде алынған өнімдерді өткізу бойынша құралады.

2. Орман мекемелері қаражаттарының құралу және пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Орман мекемелері қаражаттарын ормандар мен жануарлар дүниесін қорғаумен, сақтаумен, ұлғайта өсірумен байланысты емес мақсаттарға пайдалануға тыйым салынады.

9-БӨЛІМ. ОРМАН ЗАҢДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚТАР

17-тарау. Орман заңдары саласындағы тәртіп бұзушылықтар

111-бап. Орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру саласындағы тәртіп бұзушылықтар

1. Орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру саласындағы тәртіп бұзушылық болып табылатындар:

1) орман қорындағы орман орналастыру және орман шаруашылығы белгілерін жою немесе бұлдіру;

2) орман қоры учаскелерін сатып алу-сату, сыйға тарту, кепілге беру, өз бетінше иелену және айырбастау, сондай-ақ орманға мемлекеттік меншік құқығын бұзатын орман пайдалануды жүзеге асыру құқығын өз бетінше өзгеге қайта беру;

3) түбіршіктерді қазып алу, құрылыстар тұрғызу, сүректерді өңдеу, қоймалар салу және тиісті жолмен рұқсат етілмеген өзге де мақсаттар үшін орман қорының учаскелерін заңсыз пайдалану;

4) ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу мен бұлдіру орман дақылдарын, орман питомниктері мен плантациялардағы егілген не отырғызылған көшеттерді, сондай-ақ табиғи өсіп-жетілген шыбықтарды, өскіндерді және ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру мақсатына арналған алаңдардағы қолдан себілгендерді жою немесе бұлдіру;

5) ормандарды жою немесе бұлдіру, сондай-ақ отты немесе өзге де қатерлі қауіп көзін ұқыпсыз пайдалану нәтижесінде орман қорына кірмейтін екпелерді жою немесе бұлдіру де осыған парапар;

6) ормандарды қасақана жою немесе бұлдіру, сондай-ақ жағып жіберу,

өзге де жалпы қауіпті жолмен орман қорына кірмейтін екпелерді жою немесе бұлдіру де осыған парапар;

7) ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарын және санитариялық ережелерді бұзу;

8) кеспеағаш қорын пайдаланудың, сүрек, қосымша орман ресурстарын, ағаш шырындарын дайындау мен тасып шығарудың белгіленген тәртібін бұзу;

9) орман қорының уақытша алынған учаскелерін қайтарудың мерзімдерін бұзу немесе оларды мақсатына қарай пайдалану үшін жарамды жай-күйге

келтіру жөніндегі міндеттемелердің орындалмауы;

10) орман қоры жерлеріндегі шабындықтар мен жайылым алаптарын бүлдіру;

11) ормандар мен орман қорының жерлерінде өз бетінше шөп шабу және мал жаю;

12) тыйым салынған немесе орман билетімен ғана жол берілетін учаскелерде өз бетінше дәрілік шөптер мен техникалық шикізатты жинау;

13) орман қорының ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру мақсатындағы ағашы кесілген және басқа алаптарында ормандарды ұлғайта өсірудің тәртібі мен мерзімдерін бұзу;

14) орман үшін пайдалы фаунаны жою;

15) орманды ағын сулармен, химиялық заттармен, өнеркәсіптік және тұрмыстық шығарындылармен, қалдықтармен және оны кеуіп қалуға немесе ауруға ұшырататын тастандылармен бүлдіру не ормандарды ластау;

16) орман құрғату жыраларын, дренаж жүйелерін және орман қорының жерлеріндегі жолдарды жою немесе бүлдіру;

17) рұқсат беретін құжаттарда көзделген мақсаттарға немесе талаптарға сәйкес келмейтін орман пайдалануды жүзеге асыру;

18) ормандардың жай-күйі мен ұлғайта өсірілуіне зиянды әсер етуге соқтырған объектілер құрылысын салу мен пайдалануға беру;

19) кеспеағаштарды бөліп беру мен кесімді бағалаудың белгіленген тәртібін бұзу;

20) сүректерді есепті кеспеағаштан асып түсетін мөлшерде дайындау.

2. Қазақстан Республикасының заң актілерімен орман қорын қорғау, сақтау, пайдалану, ормандарды ұлғайта өсіру мен орман өсіру саласындағы өзге де бұзушылықтар үшін жауапкершілік белгіленуі мүмкін.

112-бап. Орман заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Орман заңдарын бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікте болады.

2. Жеке және заңды тұлғалар олардың орман заңдарын бұзуы нәтижесінде келтірілген нұқсанды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде және тәртіпте өтеуге міндетті.

3. Орман заңдарын әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне К010155_ сәйкес салынады.

113-бап. Орман қорының өз бетінше иеленген аумақтарын
қ а й т а р у

1. Өз бетінше иеленген орман қорының учаскелері олардың тиесілі иелеріне мұны заңсыз пайдалану кезінде тартылған шығындар өтелместен қайтарылады. Бұл ретте орман иеленуші тартқан нұқсан мемлекетке өтеледі.

2. Өз бетінше тұрғызылған құрылыстарды бұзу, жерлерді нысаналы

мақсатына сәйкес келтіру және орман алаптарын қалпына келтіру бұзушылар есебінен жүргізіледі.

114-бап. Орман қорына кірмейтін ағаш және бұта өсімдіктерін жойғаны немесе зақымдағаны үшін жауапкершілік

Орман қорына кірмейтін, осы Кодекстің 4-бабының 2-тармағындағы 4) тармақшада және 19-бабында көрсетілгеннен басқа, ағаш және бұта өсімдіктерін заңсыз жойғаны немесе зақымдағаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

115-бап. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы

Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 23 қаңтардағы

Қ932000_

Орман

кодексі (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 3, 45-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат; N 24, 338-құжат).

2) "Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 3, 46-құжат).

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Шарипова М.Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ